

ISSN 2312-475X



Ғылыми
журнал



Научный
журнал

**Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
Актюбинского
регионального государственного
университета имени К.Жубанова**

3

2015

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ғылыми журналы

научный журнал

ВЕСТНИК

Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2014 жылдың 16 қаңтарында тіркелген, куәлік №14089-Ж
Зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК 16 января, 2014 года, свидетельство №14089-Ж

№ 3 (41)

20

Жазылу индексі: 74646

Подписной индекс: 74646

Үш айда бір рет шығады

Выходит один раз в три месяца

қыркүйек

2015

БАС РЕДАКТОР

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

КЕНЖЕБАЕВ К.К.

БАС РЕДАКТОРДЫҢ

ОРЫНБАСАРЫ

ЗАМ.ГЛАВНОГО

РЕДАКТОРА

БЕКБАУОВА А.У.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

РЕДКОЛЛЕГИЯ

АБДУЛЛАЕВ Н.А.

АЙТАЛЫ А.А.

АЙПЕИСОВА С.А.

БОТАГАРИЕВ Т.А.

ЕСЕНЖАНОВ С.З.

ИСМЕТ БИНЕР (Турция)

КОРЧЕНКО А.В. (Украина)

КУРМАНОВА Б.Ж.

КУСАИНОВ Х.Х.

МУСАЕВ А.М.

НАЙДЖЕЛ ФОРМАН

(Великобритания)

ПОПИВАНОВ НЕДЮ (Болгария)

САРТАБАНОВ Ж.А.

РОМАНЧЕНКО В.Я. (Россия)

ТУРАЖ АТАБАКИ (Голландия)

ТУРЕБАЕВА К.Ж.

ТЯПУХИН А.П. (Россия)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

ОТВЕТСТВЕННЫЙ

РЕДАКТОР

КАРАША Г.Д.

МЕНШІК ИЕСІ

СОБСТВЕННИК

РГП на ПХВ «Актюбинский

региональный государственный

университет им. К.Жубанова»

МОН РК

МАЗМҰНЫ

физика-математика ғылымдары

Спивак-Лавров И.Ф., Курманбай М.С

Об одном методе расчета сопротивления двумерных бесконечных сеточных систем

Мырзабеков С.Ә., Мұхтар А.Е.

Математикадан логикалық есептерді шешу..... 3

жаратылыстану ғылымдары

Имангалиева Б.С., Сағынова Р.С.

Модульдік бағдарламаларды химия пәнінде қолдану..... 10

филология ғылымдары

Давлетбаева Р.Г.

Соотношение языка и языкового сознания 18

Матвеева И.И.

Модальные признаки англоязычного делового эпистолярия 32

Baurzhan N.B., Orazova A.A., Usenova S.G.

Peculiarities of synharmonism in the Kazakh phonemic system 37

Kuchshanova A.N., Bayadilova-Altybayeva A.B.

Difficulties of jargon translation 43

Халимуллина Н.Р.

Функционирование методов и технологии преподавания литературы в полиэтничной и

поликультурной среде 50

Салова С.А.

Трансформация образного топосапетиметра в комедии Д.И. Фонвизина «Бригадир» 56

Смағұлов Ж.Қ.

Ә.Бөкейханның тәржімашылдық шеберлігі 62

Бораш Б.Т.

Шәді Жәңгірұлы поэзиясындағы Абылай хан тұлғасы 68

тарих, философия және әлеуметтану

Гасанов Э.Л.

Инновационные основы историко-этнографического исследования художественной керамики

древней Гянджи 76

Шахбазов Т.

К вопросу переселенческой политики царской России и этнодемографическая ситуация в

Азербайджане в XIX веке 86

Пантюшова Э.А.

Война и милосердие 94

Ескалиев С.А., Килибаева С.К.

Герой-земляк, летчик - космонавт В. И. Пацаев 102

Абдуллаев Н. А., Оразаева Ж.Ж., Есетов Н.Н.

К истории Ассамблеи народа Казахстана 112

Коноплева Л.А., Стожко К.П.

Гражданское общество в России: историко-политологическое измерение 115

122

экономика және құқық	экономика и право	129
Балгинова К.М., Мамедов Н.Н.		
Маркетинговая тактика предприятий в период экономического кризиса		135
Шишкина Н.А.		
Основные положения методики оценки качества инновационно-инвестиционных проектов		145
Курманова А.К., Таиров И.		
Некоторые правовые аспекты развития земельного законодательства в Республике Казахстан		
педагогика және психология	педагогика и психология	153
Агишева А.А., Туякова У.Ж., Жумаханова А.Ж.		
Современное состояние образования в странах Болонского процесса		158
Мұхамбетова С.Қ., Бақытжанова Ж.Е.		
Конфликтология мәселесін оқыту негізі, сипаты		164
Мұхамбетова С.Қ., Бақытова Ф.Н.		
Инклюзивтік білім берудің зерттелуі, методологиялық негізі, категориялық аппараты		169
Uaiis A. A., Trusheva A. T., Amirova A. A., Amiragaliyeva Zh.N.		
The ways of using interactive white board at the English classrooms		174
Наренова А.Б.		
Шешен сөйлеу мәдениетінің психологиялық мәні		178
Сугурбаева А.С.		
Тұлға шығармашылығын дамытуда арт-терапияның маңызы		
ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ	ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ	184
Кұллияз С.С., Куантай А.С.		
Аршық алаңының ені мен тереңдетілу жылдамдығының өзара байланыстылығы		
өнер, мәдениет және спорт	искусство, культура и спорт	189
Марденов К.Ж., Саитғалиев Р.Р., Утеғалиев Т.Х.		
Воспитательные возможности спортивного коллектива		194
Авторлар туралы мәліметтер		
Сведения об авторах		197
«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Хабаршысы» ғылыми журналына мақала беру тәртібі		198
Порядок приема статей в научный журнал «Вестник Актюбинского регионального государственного университета имени К.Жубанова»		

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ
Physical and Mathematical Sciences

УДК51

**Об одном методе расчета сопротивления
двумерных бесконечных сеточных систем**

И.Ф. Спивак-Лавров, М.С. Курманбай

*Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова,
город Актөбе, Казахстан*

Жұмыс төрт және үшбұрышты ұяшықтардан тұратын шексіз екіөлшемді тордағы көршілес буындар арасындағы электр кедергісін анықтау есептің нақты шешімі ұсынылады. Иродов И.Е. есептер жинағында келтірілген жуықтау әдісі бойынша табылған кедергінің мәндерімен сәйкессіздік тиісінше 5% және 20% болды.

An exact decision over of task is in-process brought about being of electric resistance between the nearby knots of endless two-dimensional nets with square and three-cornered cells. Divergence with the values of resistance, found on driven to collection of Irodov V. to the inexact method, 5% and 20% made accordingly.

Кілтсөздер: төртбұрыш, үшбұрыш, электркедергі, екіөлшемдітор, сәйкессіздік.
Keywords: quadrangle, triangle, resistance, two-dimensional grid, discrepancy.

Расчет сопротивления сложных соединений резисторов всегда привлекал внимание физиков. Так, ими были развиты оригинальные методы расчета бесконечных цепочек сопротивлений. В настоящее время в связи с развитием нанотехнологий особую актуальность приобрели задачи расчета сопротивлений бесконечных сеток резисторов. Остановимся подробнее на одной задаче, помещенной в сборнике [1]. «Имеется безграничная проволочная сетка с квадратными ячейками (рис. 1). Сопротивление каждого проводника между соседними узлами сетки равно r . Найти сопротивление R_{AB} этой сетки между двумя соседними узлами сетки А и В». В сборнике 2003 года эта задача имеет номер 3.154. К этой задаче дается Указание: «Воспользоваться принципами симметрии и суперпозиции».




Рис. 1. Безграничная проволочная сетка с квадратными ячейками.

В сборнике [1] дано и решение этой задачи. Приведем его ниже. «Подключим мысленно к точкам А и В источник напряжения U . Тогда $U = I R_{AB} = i_{AB} r$, где I – ток в подводящих проводах, а i_{AB} – ток в проводнике АВ. Ток i_{AB} можно представить как суперпозицию двух токов. Если бы ток I «втекал» в точку А и растекался по сетке на бесконечность, то по проводнику АВ – из симметрии – шел бы ток $I/4$. Аналогично, если бы ток I поступал в сетку из бесконечности и «вытекал» из точки В, то по проводнику АВ шел бы тоже ток $I/4$. Наложив друг на друга эти решения, получим $i_{AB} = I/2$. Поэтому $R_{AB} = r/2$.»

В этом решении все красиво и изящно за исключением одного – это решение является лишь приближенным, потому что получено оно из принципов суперпозиции и симметрии, которые в данном случае выполняются лишь приближенно. Действительно, из того же принципа суперпозиции следует, что, когда ток I «втекает» в точку А, то к этой точке должно быть приложено напряжение $\varphi_A = U/2$. Аналогично, к точке В приложено напряжение $\varphi_B = -U/2$. Если же приложить оба эти напряжения одновременно, то симметрия в распределении токов в точках А и В нарушится из-за взаимного влияния потенциалов и ответ задачи изменится. Более того, можно сказать, что взаимное влияние потенциалов приведет к тому, что ток i_{AB} в проводнике АВ будет больше, чем $I/2$, а, следовательно, сопротивление $R_{AB} > r/2$.

Приведем ниже альтернативное решение этой задачи. Сначала разделим всю плоскость на две одинаковые полуплоскости, разрезав сетку вдоль прямой, проходящей через точки А и В, влево от точки А и вправо от В. Для этого каждое из сопротивлений r , лежащих влево от точки А и вправо от В, заменим двумя параллельно соединенными сопротивлениями по $2r$ каждое. Получим следующую картину, изображенную на рис. 2.




Рис. 2. Безграничная проволочная сетка, разделенная на две полуплоскости.




Рис. 3. Эквивалентная схема безграничной проволочной сетки.

Тогда сопротивление между соседними узлами A и B бесконечной двумерной сетки с квадратными ячейками равно:

$$R_{AB} = \frac{rR}{2r + R} \quad (1)$$

Теперь определим сопротивление полуплоскости R. Для этого аналогичным образом разрежем сетку вдоль прямой, проходящей через точки C и D. Возникающая при этом картина представлена на рис. 4, где можно видеть две бесконечные полуплоскости с сопротивлением R, расположенные ниже точек A, B и выше точек C, D, а также две одинаковые бесконечные цепочки, идущие влево от точек A и C и вправо от точек B и D. Обозначим сопротивление такой бесконечной цепочки через r^* . Тогда, сравнивая схемы на рисунках 3 и 4, можно составить эквивалентную схему, изображенную на рис. 5.




Рис. 4. Безграничная проволочная сетка, разрезанная вдоль двух прямых.

Используя эквивалентную схему на рис. 5, запишем уравнение для определения сопротивления полуплоскости R :

$$R = 2r^* + \frac{rR}{r+R} \quad (2)$$

Решая это квадратное уравнение относительно R , найдем

$$R = r^* + \sqrt{r^{*2} + 2r^*r} \quad (3)$$




Рис. 5. Эквивалентная схема для сопротивления полуплоскости R в случае квадратной сетки.

Сопротивление бесконечной периодической цепочки r^* найдем стандартным методом, решив уравнение

$$r^* = \frac{(4r + r^*)r}{5r + r^*} \quad (4)$$

Откуда

$$r^* = 2r(\sqrt{2} - 1) \quad (5)$$

Подставляя (5) в (3), получим

$$R = \left(-2 + 2\sqrt{2} + \sqrt{2\sqrt{2} - 1} \right) r. \quad (6)$$

Подстановка этого значения R в (1) приводит к окончательному результату:

$$R_{AB} = \frac{-2 + 2\sqrt{2} + \sqrt{2\sqrt{2} - 1}}{2\sqrt{2} + \sqrt{2\sqrt{2} - 1}} r \cong 0.52160212 r. \quad (7)$$

Этот результат хотя и не очень сильно, но все же отличается от результата $0,5r$, полученного в приближении принципов симметрии и суперпозиции. В этой связи интересно посмотреть на распределение токов в точке А. Если к точке А подходит ток I , то он распределится следующим образом: по сопротивлениям, идущим вверх и вниз от точки А, пойдут одинаковые токи $\cong 0,207I$, по сопротивлению между узлами А и В пойдет ток $\cong 0,522I$, а в противоположную сторону пойдет ток $\cong 0,064I$.

Жаль, красота пропала, симметрия исчезла, и все стало очень прозаично. Что ж, и в жизни часто бывает так, что красота нас вводит в заблуждение и потом трудно избавиться от красивых иллюзий.

Приведем здесь также решение задачи о бесконечной сетке одинаковыми сопротивлениями r , образующими правильные треугольники, как показано на рис. 6. Пусть необходимо найти сопротивление R_{AB} решетки между двумя ближайшими узлами А и В. Используя для решения задачи принципы симметрии и суперпозиции, по аналогии с квадратной сеткой, легко получить следующий простой результат $R_{AB} = r/3$, который также является лишь приближенным.

На рис. 6 изображена часть сетки и жирными линиями показаны направления, вдоль которых нужно сделать разрезы, чтобы разбить ее на одинаковые полуплоскости и бесконечные цепочки. Сначала мы проводим разрез вдоль лучей, исходящих из узлов А и В, разбивая таким образом всю сетку на две полуплоскости с одинаковыми сопротивлениями R . В результате так же, как в случае прямоугольной сетки, получим эквивалентную схему, изображенную на рис. 3, и формулу (1) для сопротивления бесконечной сетки.




Рис. 6. Бесконечная сетка правильных треугольников.

Каждая сторона треугольника имеет сопротивление r .

Жирными линиями выделены направления разрезов.

Чтобы определить сопротивление полуплоскости R , разрежем еще раз решетку вдоль лучей, исходящих из узлов C и D . Получим эквивалентную схему, представленную на рис. 7 и, соответственно, уравнение (8):




Рис. 7. Эквивалентная схема для сопротивления полуплоскости R в случае треугольной сетки.

$$\frac{\left(\frac{Rr}{R+r} + r^* \right) r}{\frac{Rr}{R+r} + r^* + r} + r^* = R \quad . \quad (8)$$

После несложных преобразований получим следующее квадратное уравнение для определения R :

$$R^2 - r^* R - r r^* = 0 \quad . \quad (9)$$

Откуда

$$R = \frac{r^* + \sqrt{r^{*2} + 4r r^*}}{2} \quad . \quad (10)$$

Здесь сопротивление бесконечной цепочки r^* находится из эквивалентной схемы, представленной на рис. 8, которая приводит к уравнению (11).




Рис. 8. Эквивалентная схема для расчета сопротивления r^* бесконечной цепочки в случае треугольной сетки.

$$\frac{\frac{(r^*+2r)r}{r^*+3r} + 2r}{\frac{r^*+2r}{r^*+3r} + 3} = r^* \quad . \quad (11)$$

Решая это уравнение, найдем

$$r^* = (\sqrt{3}-1)r \quad . \quad (12)$$

Подставляя это значение r^* в формулу (10), получим для R выражение:

$$R = \frac{\sqrt{3} + \sqrt{2\sqrt{3}} - 1}{2} r \quad . \quad (13)$$

Подстановка этого выражения в (1) приводит к окончательному результату:

$$R_{AB}^{\Delta} = \frac{\sqrt{3} + \sqrt{2\sqrt{3}} - 1}{3 + \sqrt{3} + \sqrt{2\sqrt{3}}} r \cong 0.39331989 r \quad . \quad (14)$$

Таким образом, в настоящей работе развит метод расчета бесконечных сеток сопротивлений, который позволяет находить точное сопротивление между ближайшими узлами таких сетей. Показано, что используемый в [1] метод расчета, основанный на использовании принципов суперпозиции и симметрии, дает лишь приближенный заниженный результат для этого сопротивления. Причем для сетки с квадратными ячейками отличие результатов не превышает 5%, а для сети с треугольными элементами оно приближается к 20%.

Литература

1. Иродов И.Е. Задачи по общей физике. Учебное пособие. 6-е изд., стер. – СПб.: Изд. «Лань», 2003. – 416 с.

ӘОЖ 511

МАТЕМАТИКАДАН ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ

С.Ә. Мырзабеков, А.Е. Мұхтар

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

В статье рассматриваются логические задачи по математике, которые могут быть использованы на уроках, при подготовке к конкурсам, ЕНТ.

Ключевые слова: *логика, задача, решение, математика.*

The article deals with logical problems in mathematics that can be used in class, by preparation for competitions, the UNT.

Ключевые слова: *логика, задача, решение, математика.*

Key words: *logic, task, solution, mathematics.*

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең білімнің, іскерліктің болуын қамтиды.

Математиканы оқыту арқылы мәселені талдай білуге, нақтылауға, ұғымдарды анықтауға, ой қорытулар жасауға, дәлелдеуге тағы басқа іс – жүзінде қадам сайын логикалық білім беріледі.

Логика - (грек тілінен алынған logic - сөз, ой, ойлау, ақыл-ой) ойлаудың заңдылықтары мен түрлері туралы ғылым. Объективті пікірлерге негізделген процесс логикалық ойлау деп, ал дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп аталады.

Логикалық ойлауға түскен құбылыстың себептері мен салдары, ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Пікір алмасу кезінде, әсіресе математикалық тұжырымдар кезінде пайымдау, ойлау заңдылықтарын немесе былайша айтқанда сол заңдылықтар мен формалары жөніндегі ғылым – логиканың көмегімен бір пікірден екінші пікірді шығарамыз. Логикалық тұжырым теориясының негізін ең алғаш грек философы Аристотель қалаған.

Математика курсы оқытуда ғылым мен техниканың дамуына байланысты, мектептегі оқу пәндерінің мазмұнына өзгерістер енуі, оқушылардың білім сапасын арттырудың маңызды жолдарының бірі - оқу процесінде логика ұғымының қалыптасуы мен логикалық есептерді шешудің әдіс-тәсілдері маңызды роль атқарады.

Осы жұмыста қарастырылған логикалық есептердің барлығы оқушыдан логикалық ойлауды, ізденімпаздықты талап етеді.

Қызықты есептер

1-есеп (Қазақтың байырғы қара есебі). Мұра бөлісу.

19 түйені үш ұлына әкесі мұраға қалдырыпты. Әке өсиеті бойынша үлкені – оның жартысын, ортаншысы – ширегін, ал кенжесі – барлық түйенің бестен бірін алуы тиіс.

Әкесі дүние салған соң ұлдары мұны бөлісе алмай әуре-сарсаңға түсті. Ақыл сұрап көпті көрген қартқа барды. Сәл ойланған соң, ол ағайындыларға көмектесті. Түйені қалай бөлісуге болады?

Шешуі: Дана қарт есепті былай шығарды. Барлық түйе айтқандай бөлінбейтіндігін түсінген ол, өзінің бір түйесін қосты да барлығын 20 жасады. Сөйтті де 20-ның жартысын 10 түйені үлкеніне, 20-ның ширегі 5 түйені ортаншысына, 20-ның бестен бірі 4 түйені кенжесіне берді. Қалған бір түйені өзі қайтарып алды.

Жауабы: Үлкеніне 10, ортаншысына 5, ал кенжесіне 4 түйе берді.

2-есеп. Топ көгершін биік ағашқа ұшып келді. Оның бір бөлігі ағаш бұтақтарына қонса, екінші бір бөлігі жерге қонды. Бұтақтағы көгершіндер жердегілерге: «Егер сендердің біреуің бізге қосылсаң сендер барлығымыздан үш есе аз болар едіңдер, ал біздің біреуіміз сендерге қосылсақ, онда біздер мен сіздер теңесер едік», - деді. Бұтақта неше көгершін, жерде неше көгершін?

Шешуі: Егер x – ағаш бұтағындағы көгершіндер саны, ал y – жердегі көгершіндер саны болса, онда есеп шарты бойынша:

$$\begin{cases} y - 1 = \frac{x + 1}{3}, \\ x - 1 = y + 1 \end{cases} \text{ Осыдан } \begin{cases} x = y + 2, \\ x + 1 = 3y - 3 \end{cases}$$

Яғни, $x=5$, $y=3$.

Жауабы: Бұтақта 5 көгершін, жерде 3 көгершін.

3-есеп. Бақташы 70 өгіз айдап келеді. Оған мынадай сұрақ берілген: «Үлкен табыныңнан бұл айдап келе жатқаның қанша?»

Бақташы жауабы: «Табындағы барлық малдың үштен бірінің үштен екісі. Есептеп көр!»

Бүкіл табында қанша өгіз болғандығын білу керек.

Шешуі: Бүкіл табында x өгіз болсын. Есептің шарты бойынша:
 $=70$, яғни, $x=315$.

Жауабы: Бүкіл табында 315 өгіз болған.

4-есеп. Бақалар.

5 бақа 5 минутта 5 шыбын ұстайды. 50 минутта 50 шыбын ұстау үшін неше бақа керек?

Шешуі: 1 бақа 1 мин – 1 шыбын ұстайды,

5 бақа 5 мин – 5 шыбын ұстайды,

5 бақа 10 мин – 10 шыбын ұстайды,

5 бақа 50 мин – 50 шыбын ұстайды.

Жауабы: 5 бақа.

5-есеп. $71 \cdot 72 \cdot \dots \cdot 78 \cdot 79$ көбейтіндісі қандай цифрмен аяқталады?

Шешуі: Бұл көбейтіндінің ішінде $72 \cdot 75$ көбейтіндісі де бар, ол нөлмен аяқталады.

Жауабы: 0

6-есеп. Теңдіктің сол жағындағы теңдік орындалатындай етіп, амал таңбаларын қой.

$33333 = 1000$

Шешуі: $(333 \cdot 3) + 3 : 3 = 1000$.

Жауабы: $333 \cdot 3 + 3 : 3$.

7-есеп. 5-тің тек қана бес цифрын пайдаланып 6-дан 10-ға дейінгі (10-ды қоса) сандардың әрқайсысын арифметикалық амалдар таңбалары мен жақшалар арқылы қалай өрнектеп жазуға болады?

Шешуі: $6 = 5 + 5 : 5 + 5 - 5$,

$7 = 5 + 5 : 5 + 5 : 5$,

$8 = 5 + (5 + 5 + 5) : 5$,

$9 = (5 \cdot 5 - 5) : 5 + 5$,

$10 = 5 + 5 + (5 - 5) \cdot 5$.

Таразы. Өлшеу. Сұйықтар.

8-есеп. Бірдей 3 сақинаның біреуі басқаларынан біршама жеңілдеу. Табақшалы таразымен бір рет қана өлшеу арқылы ол жеңіл сақинаны қалай табуға болады?

Шешуі: Таразыға екі сақина саламыз. Егер таразы тепе-теңдікте болса, онда қалған сақина жеңілрек, егер бір сақина ауыр болса онда жауабы түсінікті.

9-есеп. 9 тиынның ішінде бір жалған – басқаларына қарағанда ауырлау тиын бар. Гірсіз таразыға тартып, екі рет өлшеу арқылы осы тиынды қалай анықтауға болады?

Шешуі: Берілген тиындарды 3 тиыннан 3 топқа бөлеміз. Бірінші болып осы 3 топтың 2 тобын өлшейміз. Егер топтар тең болса, онда жалған тиын 3-інші топта. Ал тең болмаса жалған тиын ауыр топта. Сонымен бірінші өлшеуде біз жалған тиын қай топта екенін анықтадық. Екінші өлшеуде ауыр топтың екі тиынын өлшейміз. Егер тиындар тең болса, онда үшінші тиын жалған. Егер өлшенген тиынның біреуі ауыр болса, сол тиын жалған.

10-есеп. Сыйымдылығы 7 литрлік шелекпен және 3 литрлік банкамен (ыдыспен) 2л суды қалай құйып алуға болады?

Шешуі: Бірінші тәсіл.

3 литрлік банкамен 3 рет су алып 7 литрлік шелекке құйсақ түбінде 2л су қалады.

Екінші тәсіл (кестелік тәсіл).

А (7л бос шелек)	0	3	3	6	6	7
В (3л бос банка)	3	0	3	0	3	2

11-есеп. 10 литрлік бидон (ыдыс) сүтке толтырулы. 3 литрлік бидонды пайдаланып 7 литрлік бидонға 5 литр сүтті қалай құйып алуға болады?

Шешуі: Бірінші тәсіл.

Алғашқыда 10 литрлік ыдыс толы. Толы бидоннан 3 литрден толтырып 7 литрлікке 2 рет құямыз. Үшінші рет алғанда үлкен бидонда 1л сүт қалады, ал 3 литрліктен 7 литрлікті толтырсақ, оған тағы 1л кетеді де, 3 литрлікте 2л сүт қалады. Енді 7л сүтті 10 литрлікке құятын болсақ, онда 8л сүт болады да, 7 литрлік босайды. 3 литрліктегі (онда 2л сүт қалған) 7 литрлікке құямыз. Енді 10 литрліктен 3л сүт алып 7 литрлікке құйсақ, онда 5л сүт қалады. Екінші тәсіл (кестелік тәсіл).

А (10литрлік сүтке толы бидон)	10	7	7	4	4	1	1	8	8	5	5
В (7 литрлік бос бидон)	0	0	3	3	6	6	7	0	2	2	5
С (3 литрлік бос бидон)	0	3	0	3	0	3	2	2	0	3	0

Ұлттық Бірыңғай Тестілеуде (ҰБТ) кездесетін логикалық есептер

12-есеп. 2011 жылғы Азиадада қазақстандық команда 53 алтын мен күміс, 49 қола мен алтын және 38 күміс пен қола медаль жеңіп алды. Барлығы неше медаль жеңіп алған?

- A)38 B) 53 C)70 D) 110 E) 140

Шешуі: Біз жеңіп алынған медальдарды мына әріптермен белгілейік, алтын – а, күміс – b, қола – c болсын. Онда есеп берілуі бойынша,

$$\begin{cases} a + b = 53 \\ a + c = 49 \\ b + c = 38 \end{cases}$$

теңдеулер жүйесін құрамыз.

Осы алынған теңдеулер жүйесін бір-біріне оң жағы мен оң жағын, сол жағы мен сол жағын мүшелеп қоссақ, онда $2a+2b+2c=53+49+38$ теңдеуін аламыз. $2a+2b+2c=140$. Теңдеудің екі жағының әрбір мүшесін 2 санына бөлсек, онда $a+b+c=70$.

Демек, жеңіп алынған медальдар саны 70-ке тең.

Жауабы: C

13-есеп. Мен жолдасымнан телефон нөмірін сұрадым. Ол маған «4-ші және 5-ші цифрлардан және 6-шы және 7-ші цифрлардан құралған сандар бір санның квадраты. Алғашқы үш цифр бір санның кубы» деді. Жолдасымның телефон нөмірі қандай?

- A) 2164916 B) 2161549 C) 2161648 D) 2154916 E) 2151649

Шешуі: Есепті жауап нұсқалары бойынша шешейік.

Есептің берілуі бойынша алғашқы үш цифрдан құралған сан бір санның кубы болғандықтан, алғашқы үш сан – 216-ға тең, себебі $216=2^3 \cdot 3^3=6^3$.

Ал 4-ші және 5-ші цифры бір санның квадраты болғандықтан, ол сан 49-ға немесе 16-ға тең.

Ал 6-шы және 7-ші цифры да дәл солай белгілі бір санның квадраты болғандықтан, ол сан 49-ға немесе 16-ға тең екенін көреміз. Жауап нұсқалары бойынша тек А нұсқасы ғана орынды. Демек ізделінді телефон нөмірі – 2164916

Жауабы: А

Жауабы: А

14-есеп. Алтын сағатқа ойып жазылған жазудың алғашқы 5 әрпіне 476 тг және әрбір келесі қосымша әрпі үшін 14 тг төленді. 644 тг төленіп жазылған адамның аты-жөні неше әріптен тұрады?

- A) 7 B) 17 C) 12 D) 19 E) 11

Шешуі: Адамның аты-жөнінің алғашқы 5 әрпіне 476 теңге төленгендіктен, қалған әріпке $644-476=168$ тг. төленгендігін табамыз. Ал, әрбір келесі қосымша әріп үшін 14 тг-ден төленгендігі белгілі болғандықтан, 168-ді 14-ке бөлсек, онда тағы да неше қосымша әріп жазғандығын таба аламыз, $168:14=12$. Олай болса, 644 тг төленіп жазылған адамның аты-жөні $5+12=17$ әріптен құралады.

Жауабы: В

Жауабы: В

15-есеп. Тіктөртбұрыштың бір қабырғасы 11 см. Оның периметрі қабырғасы 7 см болатын квадраттың периметрінен кем болуы үшін, екінші қабырғасы қандай болуы керек?

- A) 4 см-ден артық B) 4 см-ден кем C) 3 см-ден артық D) 3 см-ден кем

- E) 3 см-ге тең

Шешуі: Тіктөртбұрыштың бір қабырғасы берілуі бойынша 11 см, екінші қабырғасы x см болсын. Онда тіктөртбұрыш периметрі $P_1=2(11+x)$ см. Ал квадраттың қабырғасы 7 см-ден болғандықтан $P_2=28$ см.


Есеп берілуі бойынша тіктөртбұрыш периметрі квадраттың периметрінен кем болғандықтан, $2(11+x)<28$, яғни $x<3$. Олай болса екінші қабырға 3 см-ден кем болуы қажет.


Жауабы: Д

16-есеп. Қабырғасы 4 см боялған ағаш текшені, қабырғасы 1 см болатын кішкене бірнеше текшелерге кесті. Бір жағы боялған неше текше бар?

- A) 6 B) 24 C) 20 D) 30 E) 8

Шешуі: Текшеде (куб) алты жағы бар екенін ескеріп, әрі бір ғана жағын (біздің жағдайда ол шаршы немесе квадрат) қарастырсақ:





Суретте көрсетілген бөліктері ғана боялады. Қалған бөліктері кейбіреуінің екі бөлігі немесе үш бөліктері боялып қалады. Демек текшенің бір бетінде 4 кішкене текшенің беті боялып тұр. Олай болса, текшенің алты жағы бар екенін ескеріп, осы алынған 4-ті 6 жаққа көбейту арқылы $4 \cdot 6 = 24$ екендігін шығарып аламыз.

Жауабы: В

17-есеп. Бір түзуден 10 нүкте және оған параллель екінші түзуден 8 нүкте белгіленген. Белгіленген нүктелердің кемінде екеуі арқылы өтетін, осы түзуден басқа тағы қанша түзу бар?

А) 160 В) 80 С) 100 Д) 40 Е) 120

Шешуі: Бірінші түзуден 10 нүкте, ал оған параллель екінші түзуден 8 нүкте алайық. Бірінші түзудің бір нүктесін алып, екінші түзудің әрбір нүктесінен өтетін түзу жүргізейік. Сонда біз осы нүктеден шығатын 8 түзу аламыз. Дәл осылай бірінші түзудің екінші нүктесімен екінші түзудің әрбір нүктесімен қоссақ, онда тағы да 8 түзу аламыз.

Осылай келесі бір нүктелерге жалғастыра берсек, онда біз жалпы $10 \cdot 8 = 80$ түзу аламыз.

Жауабы: В

18-есеп. Сандар қатары қандай да бір заңдылықпен берілген. Сұрақ белгісінің орнына қандай сан жазылуы керек?

14(625)11

12(196)2

10(?)5

А) 15 В) 225 С) 100 Д) 250 Е) 25

Шешуі:

14(625)11 үшін $14 + 11 = 25$ әрі 25-тің квадраты 625,

12(196)2 үшін $12 + 2 = 14$ әрі 14-тің квадраты 196, олай болса,

10(?)5 үшін $10 + 5 = 15$, әрі 15-тің квадраты 225.

Жауабы: В

Өз бетімен орындауға арналған тапсырмалар

1. Сұрақ белгісінің орнына қандай сан жазылуы керек?

1 (27) 2

2 (64) 2

2 (?) 3

А) 125 В) 80 С) 101 Д) 110 Е) 54

2. 5-тің тек қана бес цифрын пайдаланып 0-ден 4-ке дейінгі (4-ті) қоса сандардың әрқайсысын арифметикалық амалдар таңбалары мен жақшалар арқылы қалай өрнектеп жазуға болады?

3. (Қазақтың ертедегі есебі). Бір адам еңбегіне жыл аяғында бір шапан және 10 тиын алатын болып байға жалданады. Алайда, ол 7 айдан соң шапан мен 2 тиын алып, жұмыстан шығып кетті. Шапан қанша тұрады?

4. Сұрақ белгісінің орнына қажетті санды қойыңыз.

17	4	9	→	77
6	13	5	→	83
5	23	18	→	?

5. Барлық бағандардағы және қатарлардағы сандардың қосындылары тең болса, $A+B+C+D$ неге тең?

A	B	C
6	5	9
D	9	4

A) 15 B) 18 C) 21 D) 27 E) 25

6. 9 санының алдына да, соңына да бірдей сан жаз. Сонда шыққан үштанбалы сан 7-ге бөлінетін болсын.

7. Теңдіктің сол жағындағы теңдік орындалатындай етіп, амал таңбаларын қой.

$$88888888=1000$$

8. 27 тиынның біреуі жалған және ол басқалардан жеңілдеу. Табақша таразымен гірсіз үш рет өлшеу арқылы жалған тиынды қалай табуға болады.

Әдебиеттер

1. Елубаев С. Қазақтың байырғы қара есептері. – Алматы, 1996.
2. Қабасов М. Қызықты есептер / Алгоритм 2010, №2.
3. Қырық қазына / Құрастырған Ә.Доспамбетов. – Алматы, 1987.
4. Логикалық сұрақтар, есептер, ойындар мен құрастырмалар / Құрастырған Р.Омаров.– Алматы, 2012.
5. Скаков М.К. Логикалық есептер / ФизМат 2013, №3.

**ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ
NATURAL SCIENCES**

ӘОЖ 378.147

Модульдік бағдарламаларды химия пәнінде қолдану

Б.С. Иманғалиева, Р.С.Сағынова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

В статье рассматривается эффективность применения модульных программ по предмету химия. Эта технология состоит из трех частей: введение, разговор и заключение. Содержание одного урока по теме "Химическая скорость реакции. Закон взаимодействия масс. Катализ" полностью охватилось.

Ключевые слова: модуль, технология, программа, химия, скорость.

In article efficiency of application of modular programs for a subject chemistry is considered. This technology consists of three parts: introduction, conversation and conclusion. Maintenance of one lesson of a subject "Chemical speed of reaction. Law of a vzaymodeystviye of masses. A catalysis" it was completely captured.

Ключевые слова: модуль, технология, программа, химия, скорость.

Key words: modul, technology, programm, chemistry, speed.

Модульдік оқыту технологиясының негізін қалаған авторлардың бірі – В.М. Монахов. Ол – оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық үрдіс. Модуль дегеніміз – міндетті түрде оқушының білімі мен біліктерін тексеру элементі бар оқу материалының логикалық аяқталған бөлімі. Модульді құрастырудың негізіне пәннің жұмыс бағдарламасы алынады. Ол көбінесе пәннің тақырыптарына немесе өзара байланысты тақырыптар блогына сәйкес келеді. Бірақ тақырыптан айырмашылығы – модульде: тапсырма, жұмыс, оқушылардың сабаққа қатысуы, оқушылардың старттық, аралық және қорытынды білім деңгейі – бәрі-бәрі өлшеніп отырады. Оқу моделі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрамды бөліктен тұрады: кіріспе, сөйлесу және қорытынды.

Әр оқу модулінде сағат саны әртүрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты.

Зерттеулер бойынша, 7-12 сағаттан тұратын оқу модулінің неғұрлым тиімді екені белгілі [1-2].

Оқу модулінің негізгі ерекшеліктері – жалпы сағат санына қарамастан, *кіріспе* және *қорытынды* бөлімдерге 1-2 сағат саны беріледі. Қалған барлық уақыт *сөйлесу бөлімінің* меншігінде болады. Төменде бір тақырыпты модуль бойынша оқыту үлгісін қарастырамыз[3].

Сабақтың тақырыбы: Химиялық реакция жылдамдығы.

Әрекеттесуші массалар заңы. Катализ.

Оң жақ бағандағы тапсырмаларды құрастырушы мұғалімдердің есіне:	I кезең. Мұғалім алғашқы 5-7 минутта: а) ұйымдастыру сәтін өткізеді; б) өткен тақырып бойынша берілген деңгейлік тапсырмаларды үйде аяқтап орындап келу дәрежесі тексеріледі; в) төмендегі «Көпір» тапсырмаларын тексереді (алдымен жеке тексеріп шығады, сосын фронталды тексереді).
«Көпір» (жеке жұмыс) тапсырмалары өткен тақырыптар	Сұрақтарға жауап бер: 1) Реакция жылдамдығын қалай өлшеуге болады? Жауабы: Қандай да бір <i>физикалық</i> шаманың <i>уақыт</i> бірлігінде өзгеруі. 2) Механикалық қозғалыстың жылдамдығы дегеніміз не?

<p>бойынша жаңа сабақты меңгеруге негіз болатын қайталау тапсырмалары.</p>	<p>Жауабы: Бұл <u>физикалық</u> дененің <u>уақыт</u> бірлігінде жүрген жолы.</p> <p>3) Сонда уақыт бірлігінде қандай шама өзгереді? Жауабы: Дененің <u>координаттары</u>, яғни дененің жүріп өткен <u>жолы</u>.</p> <p>4) Катализ құбылысын кім зерттеді? Жауабы: <u>В.Оствальд</u> химиялық тепе-теңдік шарттарын зерттей отырып, катализ құбылысын ашты.</p> <p>5) Катализ дегеніміз не? Жауабы: Катализ құбылысы аралық <u>процестерге</u> қатысатын заттар (катализаторлар) химиялық реакцияларды <u>селективті</u> жылдамдатады, бірақ реакция нәтижесінде қайтадан <u>қалпына</u> келеді. <u>Өндірісте</u> кең түрде қолданылады. Мысалы, азот пен сутектің әрекеттесуі, күкірт қышқылын өндірудің жанасу әдісі және т.б. Олай болса, бүгінгі сабағымызда химиялық реакция жылдамдығы мен катализ және әрекеттесуші массалар заңымен танысамыз.</p>
<p>II кезең (топтық жұмыс) жаңа сабақты топтық жұмыс барысында оқушылардың өз бетімен меңгеруіне жағдай жасау: а) оқушылар төмендегі «Білу», «Түсіну», «Талдау», «Жинақтау» тәсілдеріне сәйкес тапсырмаларын өздері толтырады (10 минут); ә) жауаптарын мұғаліммен бірге талдайды (10 минут). <i>Нәтижесі ауызша марапатталады.</i></p>	

<p>1-қадам (топтық жұмыс) - теория бойынша «Білу» критерийінің индикаторлары: (тақырып мазмұны бойынша <u>кім?не?</u> <u>қандай?</u> <u>қалай?нені?</u> <u>қашан?не істеді</u> сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпарат іріктеліну керек).</p>	<p>1) Химиялық реакция барысында қандай шама өзгереді? Жауабы: Бастапқы <u>заттар</u> өзгереді. Олар реакция <u>өнімдеріне</u> айналады. Демек, зат мөлшері <u>өзгереді</u> шама болып табылады. Өзгеріс айырма арқылы өрнектеліп, гректің Δ (дельта) әрпімен белгілінеді. Зат мөлшерінің өзгеруін <u>бастапқы</u> және <u>соңғы</u> зат мөлшерлерінің <u>айырмасы</u> арқылы өрнектейік.</p> <p>2) Химиялық реакция барысында бастапқысының ба әлде соңғысының - мөлшері көбірек өзгереді? Жауабы: Әрине, бастапқы заттың мөлшері көбірек өзгереді. Өнімдердің бастапқы мөлшері соңғы мөлшерден кем, сондықтан: $\Delta n = n_1 - n_2; \quad t_2 - t_1 = \Delta t$.</p> <p>Бұдан реакция жылдамдығының формуласы былай өрнектелетін болады: $\vartheta = \frac{n_1 - n_2}{t_2 - t_1} = \frac{\Delta n}{\Delta t}$</p> <p>4) Егер процесс ерітінділерде немесе газдарда жүретін болса, реакция жылдамдығы қалай өрнектеледі? Жауабы: Бастапқы заттардың концентрациясының айырмасымен өрнектеледі: $\Delta C = C_1 - C_2$;</p> <p>Бұдан: $\vartheta = \frac{C_1 - C_2}{t_2 - t_1} = \frac{\Delta C}{\Delta t}$</p> <p>5) Реакция жылдамдығының анықтамасы қандай? Жауабы: Реакция жылдамдығы дегеніміз <u>уақыт</u> бірлігінде реакциядағы соқтығысулардың немесе элементар әсерлесулердің <u>саны</u>.</p> <p>6) Ал газ тәрізді заттың концентрациясын қалай өзгертуге болады? Жауабы: Газдың концентрациясы <u>қысымға</u> байланысты өзгереді: қысым <u>артқанда</u> концентрация <u>көбейіп</u>, төмендегенде – <u>азаяды</u>.</p> <p>7) Қатты заттың реакция жылдамдығын өзгертуге бола ма? Жауабы: Бөлшектерінің арасында бос <u>кеңістік</u> жоқ болғандықтан, онда оның <u>жылдамдығына</u> концентрация әсері болмайды.</p>
--	--

<p><u>диаграммасы арқылы қамтуға болады.</u></p>	<p>ерекшелігі: Азот молекуласындағы байланысты үзу үшін <i>945</i> кДж/моль, ал оттегі молекуласына <i>498,6</i> кДж/моль энергия қажет. Азоттың берік молекулалары реакцияға қиынырақ түседі және мұндай реакциялардың жылдамдығы өте баяу.</p>
<p>4-қадам-(топтық жұмыс) теория бойынша «Жинақтау» критерийінің индикаторлары: Қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестені, тірек сызбаны немесе сөзжұмбақты толтыр, немесе өзін құрастыр тағы с.с. басқа түрдегі тапсырмалар оқушының жоғарыдағы «тақырыптың басты идеясына» жазған жауабына қойылады.</p>	<p>Тақырыптың басты идеясы бойынша құрылған тірек-сызбадағы <u>бос орындарды толтыр.</u></p> <div style="text-align: center;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: fit-content; margin: 0 auto;">Реакция жылдамдығы</div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; width: 100%; margin: 5px 0;"> <div style="width: 30%;"></div> <div style="width: 30%;"></div> <div style="width: 30%;"></div> </div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: fit-content; margin: 0 auto;">Әрекеттесуші заттардың <u>агрегаттық күйіне тәуелді.</u></div> <div style="display: flex; justify-content: center; margin: 5px 0;"> <div style="width: 10%;"></div> <div style="width: 10%;"></div> </div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: fit-content; margin: 0 auto;">Әрекеттесуші заттардың <u>концентрациясына тәуелді</u></div> </div> <p>Қорытынды: 1) Әрекеттесуші заттардың табиғатына; 2) Температураға (<i>Вант-Гофф</i> ережесі); 3) Газдар мен сұйықтар үшін химиялық реакция жылдамдығы әрекеттесуші заттардың <u>концентрациясына</u>; 4) Әрекеттесуші заттардың <u>жанасу беткейлігінің</u> ауданына; 5) Реакция жылдамдығы химиялық реакцияларды жылдамдататын, бірақ өздері жұмсалмайтын заттарға, яғни <u>катализаторларға</u> да байланысты болады.</p>
<p><i>Оқулықпен жұмыс (5 минут):</i> төмендегі «Қолдану» және оқушының тақырып мазмұнына «Баға беруі» тәсілдеріне сәйкес, яғни рефлексия жасауға, эссе жазуға арналған, практика жүзінде бекіту тапсырмалары орындалады. <i>Нәтижесі ауызша марапатталады.</i></p>	
<p>5-қадам - (топтық жұмыс) практикада бекіту. Практика жүзінде «Қолдану» критерийіне сәйкес оқулықпен жұмыс жүргізу барысында тек қарапайым тапсырмалармен бекіту жүргізіледі. Дайын формулалар арқылы есептер шығару орындалады.</p>	<p>1) Тура жүретін $\vartheta_A A + \vartheta_B B = \vartheta_D D + \vartheta_F F$ гомогенді реакция үшін әрекеттескендегі массалар заңының формуласын жаз. Жауабы: $\bar{v} = \bar{k} \cdot c^{v_A} (A) \cdot c^{v_B} (B)$</p> <p>2) Гетерогенді реакциясы үшін массалар заңының формуласын жаз. Жауабы: $\bar{v} = \bar{k} \cdot c^{v_B} (B)$</p> <p>3) Тура және кері бағытта жүретін реакциялар үшін химиялық реакция жылдамдықтарын түрлендіріп жаз. Жауабы: Гомогенді кері үшін: $\bar{v} = \bar{k} \cdot c^{v_D} (D) \cdot c^{v_F} (F)$ Гетерогенді тура үшін: $\bar{v} = \bar{k} \cdot c^{v_A} (A)$ Гетерогенді кері үшін: $\bar{v} = \bar{k} \cdot c^{v_D} (D)$</p> <p>4) Катализдік реакция – <u>катализатор</u> қатысында жүретін химиялық <u>реакцияларды</u> катализдік деп атайды. $N_2 + 3H_2 \xrightarrow{кат} 2NH_3$</p> <p>5) Катализдік емес реакция – катализатор қатыспай жүретін химиялық реакцияларды айтады: $NaOH + HCl = NaCl + H_2O$</p>
<p>6-қадам (топтық жұмыс):</p>	<p>Зерттендер... Лимон қышқылы мен ас содасының аз мөлшердегі сулы</p>

<p>«Баға беру» (Сен қалай ойлайсың? Не істер едің?) деген тапсырмалар оқушының жоғарыда алған білімін (теория бойынша) және біліктілігін өмірдегі жағдаяттарды шешуге бағытталып қойылады.</p>	<p>ерітінділерін әзірлендер. Екі ыдыстағы екі ерітіндіден де аздап бір стаканға құйыңдар. Қандай өзгеріс болды? Лимон қышқылының қалған бөлігіне сода кристалдарынан, ал сода ерітіндісіне лимон қышқылы кристалдарынан салыңдар. Бұл жолы қандай әсер байқалды? Алдыңғымен бірдей ме? Тәжірибе нәтижелерін дәптерге жазып, қорытынды жасаңдар.</p>
<p>ІІІ кезең (кері байланыс – бағалау кезеңі): Жеке жұмыс. Жоғарыда меңгерген мазмұнды үш деңгейге іріктеп (әр деңгейдің білімділік, біліктілік, яғни құзыреттілік деңгейін анықтайтын тапсырмалар) оларды біртіндеп орындату арқылы балл жинату барысында оқушының құзіреттілік деңгейін анықтап, әділ бағалау жүзеге асырылады. Бұл тапсырмаларды оқушылар сабақтың соңына дейін қалған 15 минуттың 12 минутында орындайды + 3 минут қортынды жасалады.</p> <p>Қалған тапсырмаларлы үйде аяқтап келеді. Қортынды балл саны дәстүрлі бағаға айналдырылып, келесі сабақтың басында сынып журналына қойылады, мониторингке тіркеледі.</p>	
<p>I деңгей (50 балл)</p>	
<p>1-қадам – (жеке жұмыс) теория бойынша «Білу» критерийінің индикаторларына сәйкес (тақырып мазмұны бойынша кім?не? қандай? қалай? нені? қашан?не істеді сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпараттар іріктелініп ІІ кезеңдегіге қарағанда керісінше қойылады).</p>	<p>1-тапсырма. Реакция жылдамдығының формуласын қалай жазуға болады? Жауабы: Реакция өнімдерінің <i>бастапқы</i> концентрациясы реакциядан <i>кейінгі</i> концентрациясынан кем болғандықтан: $\Delta C = C_2 - C_1$. Реакция жылдамдығының формуласын жазайық: $v = \frac{C_1 - C_2}{t_2 - t_1} = \frac{\Delta C}{\Delta t}$</p> <p>2-тапсырма. Қатты заттың реакция жылдамдығын өзгертуге бола ма? Жауабы: Реакцияға қатты заттар қатысса, онда оның <i>жылдамдығына</i> концентрация әсерін <i>тигізбейді</i>.</p> <p>3-тапсырма. Неге химиялық реакция жылдамдығының формуласына «+» және «-» белгісі қойылады? Жауабы: Реакция барысында зат концентрациясы әрдайым <i>өзгерісте</i> болғандықтан химиялық кинетикада «+» және «-» белгісін қойып жазады?</p> $v = \pm \frac{dc}{d\tau}$ <p>4-тапсырма. Реакцияның температуралық коэффициенті 3-ке тең. Температураны 20⁰-тан 50⁰-қа көтергенде реакция жылдамдығы неше есе артады? Жауабы: Реакцияның бастапқы жылдамдығы $v_1 = 1$ моль/л·с-қа тең. Онда температураны 10⁰-қа көтергенде (яғни 30⁰С температурада) реакция жылдамдығы мынаған тең: $v_2 = v_1 \cdot \gamma = 1 \text{ моль/л} \cdot \text{с} \cdot 3 = 3 \text{ моль/л} \cdot \text{с}$. Енді 40⁰С-дағы ($v_3$) реакция жылдамдығын, сонан соң 50⁰С-дағы (v_4) реакция жылдамдығын есептейік:</p> $v_3 = v_2 \cdot \gamma = 3 \frac{\text{моль}}{\text{л}} \cdot \text{с} \cdot 3 = 9 \frac{\text{моль}}{\text{л}} \cdot \text{с}$ $v_4 = v_3 \cdot \gamma = 1 \text{ моль/л} \cdot \text{с} \cdot 3 = 27 \text{ моль/л} \cdot \text{с}$

	<p>Реакция жылдамдығын температура бірнеше ондық градусқа өскенде қалай есептеуге болады? Есептеулерден температуралық коэффициенттің дәреже көрсеткіші градус ондықтарының санына тең екендігін көруге болады: $\frac{\vartheta(\text{сонғы})}{\vartheta(\text{бастапқы})} = \frac{\gamma(t_2 - t_1)}{10}$</p> <p>Демек, біздің есепті бір ғана амал арқылы шығаруға болатын:</p> $\frac{\vartheta(50^\circ\text{C} - \text{да})}{\vartheta(20^\circ\text{C} - \text{да})} = \frac{\gamma(50 - 20)}{10} = \gamma^3 = 3^3 = 27 \text{ есе.}$
<p>2-қадам: практика жүзінде «Қолдану» (оқулықпен жұмыс. II кезеңнің 5-қадамындағы қарапайым тапсырмалар үлгісіндегі тапсырмалар орындалады)</p>	<p>5-тапсырма. Жүйедегі қысымды 3 есе арттырса, реакция жылдамдығы неше есе артады? Жауабы: А) Әрекеттесуші масса заңына сәйкес тура реакцияның жылдамдығының формуласының өрнегі:</p> $\bar{v} = \bar{k} \cdot c(\text{N}_2) \cdot c^3(\text{H}_2)$ <p>Концентрация өзгергеннен кейін: $c'(\text{N}_2) = \frac{1}{2} c(\text{N}_2)$</p> <p>$c'(\text{H}_2) = 2c(\text{H}_2)$ сонда $\bar{v}' = \bar{k} \cdot c'(\text{N}_2) \cdot c'^3(\text{H}_2)$ немесе</p> $\bar{v}' = \bar{k} \cdot \frac{1}{2} c(\text{N}_2) \cdot (2c)^3(\text{H}_2) = \bar{k} \cdot \frac{1}{2} c(\text{N}_2) \cdot 8c^3(\text{H}_2)$ <p>Бастапқы реакцияға қатысты жылдамдықтың өзгеруі:</p> $\frac{\bar{v}'}{\bar{v}} = \frac{\bar{k} \cdot \frac{1}{2} c(\text{N}_2) \cdot 8c^3(\text{H}_2)}{\bar{k} \cdot c(\text{N}_2) \cdot c^3(\text{H}_2)} = \frac{1 \cdot 8}{2} = 4$ <p>толығырақ айтқанда реакция жылдамдығы 4 есе өседі.</p>

<p>1-аралық нәтиже: Бірінші деңгейде қалыптасқан күзиреттілік (білім, біліктілік) деңгейінің сапалық өлшемі (бірінші аралық өлшемі): – «дұрыс», «толық» деген білім сапасының түрлерімен сипатталады (Ю.К.Бабанский). Оқушының бұл алғашқы қадам нәтижесінің сандық өлшемі – бес балл = «сынақтан өтті» = «қанағаттандырырлық» білім деңгейінің өлшемі = «3» журналға қойылады, егер келесі деңгей тапсырмаларын меңгере алмаса.</p>	
<p>II деңгей: (5 балл + 4 балл = 9 балл)</p>	
<p>1-қадам (жеке жұмыс) - теория бойынша «Түсіну» критерийінің индикаторларына (неге? неліктен? себебі? не үшін?) сәйкес сұрақтар оқушының жоғарыда берген жауаптарына қойылады (оларды тереңдету үшін).</p>	<p>1-тапсырма. Себебін анықта: Неліктен реакция жылдамдығы уақыт өткен сайын азаяды? Себебін химиялық тәжірибе арқылы дәлелдейік. Натрий тиосульфаты мен тұз қышқылын әрекеттестірейік, бірақ концентрациясы әр түрлі болатын үш нұсқада орындайық. Үш стақанға (көлемі 50 мл) құямыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) 30 мл натрий тиосульфаты ерітіндісін ($c \approx 1$ моль/л); 2) 20 мл натрий тиосульфаты ерітіндісі мен 10 мл су ($c \approx 0,66$ моль/л); 3) 10 мл натрий тиосульфаты ерітіндісі мен 20 мл су ($c \approx 0,33$ моль/л); <p>Осылайша біздің стақандарда концентрациялары әр түрлі натрий тиосульфатының ерітінділері бар. Бірінші стақандағы су үш есе, екінші стақандағы – екі есе, ал үшінші стақан сұйылтылған жоқ. Үш стақанға бір уақытта 10 мл тұз қышқылын қосамыз. Ерітінділердің қосылған сәтін 0 деп алып, ерітінді лайланғанға дейінгі уақытты өлшейміз. Реакцияға кеткен уақыт бастапқы ерітіндінің концентрациясына байланысты. Мысалы, ол келесі сандар болсын: 1- стақан – 23 секунд; 2- стақан – 15 секунд; 3-стақан – 7 секунд.</p>

Тәжірибе нәтижелері бойынша график сызайық. Ол үшін реакция жылдамдықтарын есептейік. Концентрацияны 1 моль/л деп аламыз. Реакция аяғына дейін жүргендіктен соңғы концентрация 0-ге тең.

$$v_1 = 0,33 \text{ моль/л} : 23 = 0,014 \text{ моль/л} \cdot \text{с};$$

$$v_2 = \frac{0,66 \text{ моль/л}}{15 \text{ с}} = \frac{0,044 \text{ моль}}{\text{л}} \cdot \text{с}; \quad v_3 = \frac{\frac{1 \text{ моль}}{\text{л}}}{7 \text{ с}} = \frac{0,143 \text{ моль}}{\text{л}} \cdot \text{с};$$

График сызу арқылы ерітіндінің концентрациясы неғұрлым көп болған сайын реакция жылдамдығы соғұрлым тез болатынына көз жеткіздіңдер. Демек, реакция жылдамдығы концентрацияға тәуелді.

2-тапсырма. Неліктен реакция жылдамдығын уақыт бірлігінде өлшейді? Себебін түсіндір. Дәлелде. **Жауабы:** Себебі, $\text{CH}_3\text{OH} + \text{HCl} = \text{CH}_3\text{Cl} + \text{H}_2\text{O}$ реакциясы үшін әр түрлі уақыт аралықтарында келесі нәтижелер алынған:

Уақыт, с	0	79	158	316	632
Концентрация, моль/л	1,85	1,67	1,52	1,30	1,00

Есептеуді топтау әдісімен жүргіземіз, яғни бір топ бірінші уақыт аралығындағы реакция жылдамдығын, екіншілері – екінші уақыт аралығындағы, үшіншілері – үшінші уақыт аралығындағы, төртіншілері – соңғы уақыт аралығындағы реакция жылдамдығын есептейді.

$$v = \frac{1,85 - 1,67}{79 - 0} = \frac{0,18}{79} = \frac{0,00228 \text{ моль}}{\text{л}} \cdot \text{с};$$


$$v = \frac{1,67 - 1,52}{158 - 79} = \frac{0,15}{79} = \frac{0,0019 \text{ моль}}{\text{л}} \cdot \text{с};$$

$$v = \frac{1,52 - 1,30}{316 - 158} = \frac{0,22}{158} = \frac{0,0014 \text{ моль}}{\text{л}} \cdot \text{с};$$

$$v = \frac{1,3 - 1,0}{632 - 316} = \frac{0,3}{316} = \frac{0,0009 \text{ моль}}{\text{л}} \cdot \text{с};$$

Есептеулер бойынша график сызындар. $v = 10^{-3}$, моль/л·с

Графикті кіші шамалармен құру қиын болғандықтан v -ны 10^{-3} -ке көбейтіп, қабылдауға оңай шамаларға көшейік. Сонда ординаталар осінде келесі сандарды белгілейміз: 2,2; 1,9; 1,4; 0,9.



Реакция жылдамдығы уақыт өткен сайын азаяды. Реакция жылдамдығы келесі формула арқылы өрнектеледі:

$$v = \frac{n_1 - n_2}{t_1 - t_2} = \frac{\Delta n}{\Delta t}$$

Қорытынды: Ерітіндіде жүретін химиялық реакциялардың жылдамдығын есептеу үшін концентрацияның өзгерісін уақыт интервалына бөлу керек. Реакция жылдамдығы дегеніміз - бастапқы заттар мен реакция өнімдерінің уақыт бірлігінде өзгеруі. Демек, реакция жылдамдығы концентрацияға тәуелді.

2-қадам (жеке жұмыс) - теория бойынша «Талдау»

1-3) Кестедегі бос орындарға тиісті сөздерді жазу арқылы тәжірибе жасап, салыстырындар.
3-тапсырма. Екі стақанға натрий тиосульфатының ерітінділерін (62

<p>критерийінің индикаторларына сәйкес <u>1.Салыстыр,</u> <u>2. Айырмашылығы неде?</u> <u>3. Ұқсастығы неде?</u> <u>4.Тақырыптың басты идеясын жаз</u> деген тапсырмалар болу керек. Немесе 1-3 тапсырмаларды <u>кестені толтыру арқылы салыстыр.</u></p>	<p>г 0,5 л суда) және тағы екі стаканға күкірт қышқылының ерітінділерін (25 мл қаныққан H_2SO_4 0.5 л суда) дайындайық. Ерітінділердің бір жұбының температурасын өлшейміз. Ерітінділердің екінші жұбына бөлме температурасынан 10^0C-ға жоғары етіп қыздырамыз. Ерітінділерді араластыра отырып буда қыздырған жөн. Хронометрді қосып, сол сәтте ерітінділерді бір-біріне қосамыз. Бөлме температурасында ерітінді 11 секундтан кейін лайланса, қыздырылған ерітіндіде 5 секундтан кейін лайланады (нәтижелер осы сандардың маңайында өзгеруі мүмкін). Реакция жылдамдықтарын есептейік:</p> $v_1 = \frac{1 \text{ моль/л}}{11 \text{ с}} = \frac{0,09 \text{ моль}}{\text{л}} \cdot \text{с}; v_2 = \frac{1 \text{ моль/л}}{5 \text{ с}} = \frac{0,2 \text{ моль}}{\text{л}} \cdot \text{с}$ <p>Есептеулер реакция жылдамдығының температураға тура пропорционал екендігін көрсетеді. Температура жоғарылағанда реакция жылдамдығы неше есе өскендігін есептейік:</p> $\gamma = \frac{v_2}{v_1} = \frac{0,2 \text{ моль/л} \cdot \text{с}}{0,09 \text{ моль/л} \cdot \text{с}} = 2,22$ <p>4) Тақырыптың басты идеясы неде? а) Температура (<i>Вант-Гофф</i> ережесіне) ерекшелігі: Әрекеттесуші заттардың <i>температурасы</i> артқан сайын реакция <i>жылдамдығы</i> да артады. Температура әрбір 10^0C-ға артқанда реакция жылдамдығы <u>2</u> еседен <u>4</u> есеге дейін артуы мүмкін. Бұл сан <i>температуралық коэффициент</i> деп аталады. Температуралық коэффициент температура 10^0C-ға жоғарылағанда реакция жылдамдығы қанша есеге өсетінін көрсетеді.</p>								
<p>3-қадам (жеке жұмыс): Практика жүзінде «ҚОЛДАНУ» критерийіне сәйкес (II кезеңдегі 5-қадам қарапайым тапсырмалар үлгісіндегі тапсырмалардың өзгертілген жағдайдағы нұсқасы орындалады).</p>	<p>4-тапсырма. Есеп. Егер температуралық коэффициент 2-ге тең болса, температураны 300^0C - тан 250^0C-қа арттырғанда химиялық реакция жылдамдығы неше есе артады?</p> <table border="1" data-bbox="486 1227 1460 1541"> <thead> <tr> <th>Жұмыстың реті</th> <th>Жұмыстың орындалуы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1. Осы реакция үшін жылдамдықтың температураға тәуелдігін өрнектейтін формуланы жазу.</td> <td>$v_2 = v_1 \cdot \gamma^{(t_2 - t_1)/10}$,</td> </tr> <tr> <td>2. Формулаға тиісті шамаларды қойып, есептеулер жүргізу.</td> <td>$v_{350} = v_{300} \cdot 2^{(350-300)/10}$ $= v_{300} \cdot 32$</td> </tr> <tr> <td>3. Жауабын жазу.</td> <td>Реакция жылдамдығы 32 есе артады.</td> </tr> </tbody> </table>	Жұмыстың реті	Жұмыстың орындалуы	1. Осы реакция үшін жылдамдықтың температураға тәуелдігін өрнектейтін формуланы жазу.	$v_2 = v_1 \cdot \gamma^{(t_2 - t_1)/10}$,	2. Формулаға тиісті шамаларды қойып, есептеулер жүргізу.	$v_{350} = v_{300} \cdot 2^{(350-300)/10}$ $= v_{300} \cdot 32$	3. Жауабын жазу.	Реакция жылдамдығы 32 есе артады.
Жұмыстың реті	Жұмыстың орындалуы								
1. Осы реакция үшін жылдамдықтың температураға тәуелдігін өрнектейтін формуланы жазу.	$v_2 = v_1 \cdot \gamma^{(t_2 - t_1)/10}$,								
2. Формулаға тиісті шамаларды қойып, есептеулер жүргізу.	$v_{350} = v_{300} \cdot 2^{(350-300)/10}$ $= v_{300} \cdot 32$								
3. Жауабын жазу.	Реакция жылдамдығы 32 есе артады.								
<p>2-аралық нәтиже: Бірінші деңгейде қалыптасқан құзіреттілік (білім, біліктілік) деңгейінің сапалық өлшемі (бірінші аралық өлшемі): – «дұрыс», «толық» деген білім сапасының түрлерімен сипатталады (Ю.К.Бабанский). Оқушының бұл алғашқы қадам нәтижесінің сандық өлшемі – бес балл = «сынақтан өтті» = «қанағаттандырарлық» білім деңгейінің өлшемі = «3» журналға қойылады, егер келесі деңгей тапсырмаларын меңгере алмаса.</p>									
<p>III деңгей: (5 балл + 4 балл + 3 балл = 12 балл)</p>									
<p>1-қадам (жеке жұмыс) - теория бойынша «Жинақтау» критерийінің</p>	<p>1-тапсырма. Химиялық реакция жылдамдығына әсер ететін жағдайлар мен параметрлерді жинақтап қорытынды жаса: Жауабы:</p> <table border="1" data-bbox="486 1966 1460 2072"> <tr> <td>Ә.З. табиғаты</td> <td>Температура</td> <td>Концентрация</td> <td>Ә.З. жанасу беткейлігінің ауданы</td> <td>Катализатор</td> </tr> </table>	Ә.З. табиғаты	Температура	Концентрация	Ә.З. жанасу беткейлігінің ауданы	Катализатор			
Ә.З. табиғаты	Температура	Концентрация	Ә.З. жанасу беткейлігінің ауданы	Катализатор					

Бұл келтірілген екі мысалдың әуелгісі, «иностранцы» деген мен «часто» деген екі сөздің қалып қойғаны болмаса, түпнұсқаға өте жақындатылып, сөзбесөз мәні едәуір дәл түсінікті аударған. Ал, екіншісінің ең соңындағы күрделі сөйлемге келгенде Әлихан Бөкейхан сөйлемді өзінше құрады да, көп жерлерде ықшамдап, қысқартып, автордың айтпақ ойын дәл жеткізген және де төтелеп берген. Төтелеп беру әдісі сол кездегі аудармалардың көпшілігіне тән қасиет болған. Әдебиетіміз бен әдеби тіліміздің әлі кемеліне келіп болмаған кезінде аудармашылардың қай-қайсысы болса да түп нұсқаның стилінен гөрі шығарманың жалпы сарынын, сюжеттік желісін, оқиғаның даму жолдарын, осының төңірегінде автордың негізгі идеяларын жеткізу мақсатымен көбірек шұғылданған. Әлиханның аудармаларынан да осындай ерекшеліктерді байқау қиын емес. Әлекеңнің осы «Сураткафеханасы» аудармасы жөнінде Ә.Сатыбалдиев біраз кемшіліктерін атап өткен: «Сөйлем еркін құралды, аудармашының кей жерінде орынсыз инверсияға ұшырағанын көреміз», - дейді [2, 18 б.]. Ә. Бөкейхан аударған осы шығарманың қазақша аудармасының кейінен тағы да бір нұсқасы табылды. Оның баспасөз бетінде басылған-басылмағаны белгісіз. Тек қана аударма соңында мынадай сөздер бар: «Бұл сөз адам баласының бәріне ағайыншылық көзбен қараған русьтың ұлұғ философы Толстой сөзінен алынды. Ол Бернардин де Сан Пьер дегеннің сөзінен алған. Басқалар да Толстой көзіменқараса, осы күнгі Балқанда судай ағып төгіліп жатқанқанға орын болса еді». Осыған қарағанда, бұл аударма Балқан соғысының кезінде жасалған болуы керек. Ал, Балқан соғысының 1912-13 жылдары болғандығы тарихтан белгілі. Демек бұл - 1912-13 жылдардың туындысы. Қолжазба 21 бетке араб әрпімен жазылған. Аудармашының кім екендігі және аударманың қай жылы жасалғаны белгісіз.

Әлихан Бөкейханның Толстойдан аударған тағы да бір аудармасы - «Қажымұрат» повесі. Бұл повесть 1924 жылы Москва қаласында басылып шыққан. Жүсіпбек Аймауытов «Қажымұраттың» осы аудармасы туралы: «Қажымұрат – орыстың данышпан жазушысы Толстой шығарған роман. Аударушы – «Қырбаласы. Мәскеуде 1924-ші жылыбасылған. Толстой - ақыл-ойдың ақындық кені. Адам баласына бақ іздеп, адамгершілігіне үндеген пайғамбар. Өмірін шындық көксеумен тауысқан. Тұрмыс жүзіндегі теңсіздік, бақытсыздық немесе түрлі жауыздықтың тамыры адам баласындағы атақ құмарлықта, өзімшілдікте деп білген. Адамдық сырын айнаға айқын түсірген жазушы 82 жыл өмір сүріп, бір арба кітап жазған. Сондай данышпан Толстойдың сөзі мен орысша білмеген қазақ баласы «Қажымұратты» оқудан бастап танысады», - деп жазады. Сонан соң шығарманың мазмұнын баяндай келе аударма туралы: «Роман жалпы айтқанда жақсы аударылған. Сөзді ұғымды, жетелі қылу үшін қазақ сөздерінен тапқан кейбір салыстыру, мәтелдер, өлеңдер жақсы-ақ! Суретті, әдемі жерлері көп: «Мылтық ұстап лып етіп үзенгіге аяғын салып сып етіп, атқа мініп алады», «Қызықты қияны қырмызы қызылын біліп, қан жаудырған бүркіттей қоқиланып, жігерін, терең сырын сабырмен сипаттап: - мен жұрттың тілегін қабылдадым» – деді Қажымұрат». Аударманың жақсы екенін осындай сөздерден байқауға болады. Орыс тілінде жазылған таулықтардың өлеңі де қазақшаға жатық аударылған. Хат білетін адам Қажымұратты оқып, ауыз дәмін алғандай», - деп қорытады[3, 136 б.].

Шынында да салыстырмалық тұрғыда қарасак, аудармашы шығармадағы орыс тілінде берілген «гүлдің сабағы дәл тарамыс», «ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «алыс пен жақынды жортқан біледі», «иығы Алатаудың иығындай», «көгендегі қозыдай», «қошқардың шүйдесіндей», «жатық мандайы қарық еткен төскейдей», «айылын қатты тартқан буаз бие

іштеніп, бойы нардай, жүрісі желдей, сұлулығы құсбегі пішкен томағадай», «асқа тіккен үйдей», «дауысы домбыраның босаған ішегіндей қалтырап» деген секілді сөздерді қазақи ұғымға жатық түрде бере білген. Немесе «*төрелердің ұрлығы сауысқанның аласындай, аласыз сауысқан жоқ, ұрлықсыз шенеунік жоқ*», «*Палуан жсауырынды, жалпақ жаялы, жіп-жіңішке, ұзынбойлы, қармаулы ұзын қолды, жас шыбықтай майысқан, мергендей епті, қожасы ұстайтын аттай ыңғайлы Жүсіпті көргенде, Қажымұрат сүйсініп, сусыны қанып қуанатын*» деген сияқты сөйлемдердің аударылуында еркін аударма жасауды мақсат тұтқаны байқалады [4, 136 б.]. Мұның бәрі аудармашы шеберлігін көрсететіні анық. Қазақ прозасының классигі Ж.Аймауытовтың осындай мақала жазуынан-ақ Әлихан Бөкейханның аудармаларының жоғарғы дәрежеде аударылғанын байқауға болады.

Повестің алғашқы бетіндегі бірінші абзацты оқып, қарайық: «*Я возвращался домой полями. Была самая середина лета. Луга убрали и только что собирались косить рожь*». Осы сөйлемдер Әлихан аудармасында былай алынған екен. «*Жаз ортасы. Далада мен келе жаттым. Тілгенді шауып, жинап алып, енді қарабидайды қолға алып, ормақ болып жатқан уақ*». Мұнда аудармашы бір абзацтағы бірнеше жолды еркін отырып, жинақтай аударған. Кейбір жерлері былай қарағанда, аударма түпнұсқамен сөзбе-сөзге жуық дәл келеді. Бірақ онымен ұғымдық қисыны бұзылып тұрған жоқ. Әлихан Бөкейханов шығармаларды аударғанда көбінесе еркін түрде кетіп отырған. Әрине, мұның аты түпнұсқадан ауытқу емес, қайта оның ішкі сырын, шын рухын аша түсіп, оған бір табан жақындағандық болады. Автордың тек қана сөзін емес, сонымен бірге әрбір сөздің астарын, ішкі сырын ашып, ишарамен білдірген емеуірінін де дәл солай ишарамен жеткізу деп айтады.

Ә. Бөкейхан В.Г.Короленконың да біршама шығармаларын аударған. Соның ішінде «Макардың түсі» атты шығармасын аударғаны туралы Жүсіпбек Аймауытов өз мақаласында былай тоқталады: «Макардың түсін жазған Короленко орыстың ірі ақыны, біз оның ақындық жолымен жүре алмадық. Жазушылықтың жайын білмеген, әдебиеттің ішінен қарауы өтіп, сыртынан шыға алмайтын адамдар «Макардың түсінде» не мән бар? Керегі жоқ нәрсе ғой деп қарауы мүмкін. Олай, емес онда үлкен мән, пікір, идея бар. Аударма сөзбе-сөз деп айтуға болмайды, еркін істелген. Ұзын сөйлемдер, керексіз сөздер қысқартылған. «Қырбаласы» аударғанда пышақпен жонбайды, балтамен шабады» деп шұбатпайды, келтесінен қайырады. «Шолпан жаман ауыл емес: шіркеуі бар» деген сөздерді орнына қоймай кететін жерлері де бар [3, 138 б.].

Шығарманы аударғанда Әлекең Короленконың әрбір сөзіне қазақ тілінің қазынасынан лайықты сөз баламаларын тауып, мүмкіндігі болғанша әрқайсысының ұғымдық шектерін айыра түсу, ой желісін үзбеу әрекеті жасалған. Аудармашы орыс әдебиеті өкілдерінің шығармаларын ғана аударып қоймай, олар туралы өз пікірін газет беттеріне де жариялап отырған. Солардан бірер мысал келтірейік: «Өткен 15-ші шілде орыс кітап жазушысы, мұны писатель дейді, Владимир Галектионович Короленко алпыс жасқа толды. Бұл Короленко Лев Николаевич Толстойдан соңғы орыс жұртының бетінің қызылы – ұяты. Жазған неше әдемі кітабынан бөлек алпыс жасында қылған ісі көп. Бұл Короленко сондай, мұның алдында жамандық қылуға хайуандардың да бетіқызарды. Короленконы орыс жұртының «Совесті» дейді, қазақша ақкөңіл судьясы. Айына бір кітап болып шығатын «Русское богатство» журналы - Короленко журналы. Осы журналды орысша білетін қазақ алып оқыса Короленконың таза жолын білер. Вятка губерниясында, ватияк деген аз жұрт бар, осы жұрттың 18 кісісін бір орыс мұжығын құрбан қылдың деп, сот каторожная работаға айдады, осы сот болғанда Короленко кез болып, билікті көріп отырып, сот адасты, мыналар нақақ айдалды деп, осы іске кірісіп, өзі адвокат болып, жұмысты екі мәртебе қайта қаратып, 18 кісіні каторожная роботадан алып қалды. Сотта отырғанда үйінен келген телеграмды, оқымай қалтаға салып қойып, адвокат сөзін сөйледі, 18 кісіні арашалады. Үйінде қызы ауру еді, телеграмм жамандық хабары болса, сөз бұзылады деп, телеграмды оқымағаны осы. Бұл телеграмм қызы өлді деп келген Короленконың қылып жүрген жұмысы бәрі осындай. Мұны орыс жұртының Сократы десе кінә емес. Короленкоге тамам жұрт, орыстың білімді

адамдары құтты болсын айтып жатыр, енді алпыс тағы жасасаң саған аз емес деп, бұларға мұсылмандар да қосылып жатыр [4, 136 б.].

Ә.Н.Бөкейхан орыс жазушыларының шығармаларын көп оқып, көңіліне тоқыған. Әсіресе, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов, А.П.Чехов, Д.М. Мамин-Сибиряк шығармаларын ерекше бағалаған. Өз мақалаларында орыс ақын-жазушылар есімін ерекше ілтипатпен атап ғана қоймай, олардың шығармашылығымен қазақ жұртшылығын таныстыруды да мақсат тұтқан.

Толстой шығармаларын әлем әдебиетінде орны бөлек шығарма деп санап, оны «Күн жоғалса да жоғалмайтын жазушы» деген. «Ұят-ай» атты мақаласында «Воскресенье» романы нағыз өмір шындығын бейнелейтінін аңғартып, «сот отчетін зерттеп алып жазған» дей келе, патша үкіметінің орыстың атақты жазушыларын, ойшылдарын абақтыға жауап, Сібірге айдап азап шектіргенін айта келіп, оны «азаттық үшін күрестің азабы мол» деген ойына дәлел қылады.

Ә. Бөкейханов - ұлттық әдебиетте мысал жанрын өркендетуге ерекше үлес қосып, басқа елдер әдебиетінен мысалдар аударумен мақсатты түрде шұғылданған да қаламгер. Бұл жанр бойынша көркемдік ізденістерінен туған туындылары 1925 жылы «Жетпіс жеті мысал» деген атпен жеке кітап болып Мәскеуде басылып шықты. Бұл жинақта Әлекеңнің аударған барлық мысалдары түгелдей басылған. Әлихан аударған мысалдарының жартысынан көбі Эзоп шығармашылығындағы мысалдардың сюжетіне негізделген. «Эзоп деген кім?» деген сұраққа С.Талжанов «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері» деген еңбегінде: «Мысалдар сөз болғанда, біздің ойымызға ең әуелі Эзоп пен Лұқпан Хакім түседі. Бұларды грек елінде «Эзоп мысалдары» деп атаса, араб шығысында «Лұхпан Хакім мысалдары» деп атайды. Эзоп біздің жыл санауымыздан алты жүз жыл бұрын болыпты, ал Лұхман Хакім атынан айтылып жүрген араб әңгімелерінде ислам дінінің көзқарастары әсірленеді. Эзоп пен араб дінінің көзқарастары өте алшақ. «Ендеше бұл қалай?»,- деген сұрақ туады. Бұл сұраққа Р.Әлиев былай деп жауап береді: «Лұқпан дүниеде мың жыл өмір сүрген адам, ол Бауырдың ұлы, ал Бауыр Иовтың баласы екен. Дәуіт пайғамбардың заманына дейін атақты данышпан болып келген. Лұхпанның мысалдары да, өзі де Эзопқа ұқсайды. Екеуінің тағдыры да бірдей. Мысалы, Лұхпан да, Эзопта Мысырда құлдықта жүрген. Бұған қосымша Лұхпанның баласы Аннам, Эзоптың баласы Аккус». Оның үстіне «Есіктен кірмей, шығуыңды ойла» дейтін араб мақалы Лұхпан Хакім атынан айтылады. Мұны гректер Эзоп айтқан дейді. Осы ұқсастыққа қарап, шығыстың біраз ғалымы: «Лұхпан Хакім дінін өз ойына үйлестіріп, жасап шығарған ежелгі Эзоп болса керек» - деседі [5, 308-309 б.].

«Әлихан Бөкейхан өзінің тәржімаларын түпнұсқадан аударған. Эзоптан алынған деген сюжеттердің ішінде бізге Ахмет Байтұрсыновтың мысал өлеңдері арқылы белгілі болған «Қасқыр мен қозы», «Қасқыр мен тырна», «Шал мен ажал», «Ат пен есек» секілді мысалдар кездеседі. Ал, «Қарға мен түлкі», «Ағаш пен қамыс» мысалдарының сюжеті Ахмет Байтұрсыновта «Емен мен қамыс» деп аталса, Абай оны «Емен мен шілік» деген», - деп жазады академик З.Ахметов [6]. Бұл орайда, бір айта кететін мәселе, Абай мен Ахмет мысал өлеңдері Крыловтан аударған деген пікір қалыптасқан. Ал олардың сюжеті түбі Эзоптан және басқа бұрынғы нұсқалардан шыққаны, ертеден келе жатқаны ескеріле бермейді. Абайдың, әсіресе, Ахмет Байтұрсыновтың бірталай мысалдары өте еркін аударылған, қазақ өмір тұрмысына үйлестіре жанынан сөз қосарлап, өзгеше келтірген тұстары жиі кездесіп отырады, сондықтан оларды бүгінгі таңда қалыптасқан еркін аударманың түріне жатқызамыз.

Сол кезде жалғыз Әлихан Бөкейхан емес, аудармашылардың бәрі де еркін түрде аударды. Әлихан аудармалары - әдеби байланыстар мен салыстырмалы әдебиеттану проблемасы тұрғысынан алғанда, әлі де үлкен зерттеулерді талап ететін сарқылмас қазына. Қазақ аудармасының әрі-берідегі өткен жолы қандай да болсын қаламгердің шығармашылық ғұмырнамасына елеулі із қалдырғанына, жазушының көркемдік идеясына, өзіне тән қалыптасқан стиліне белгілі дәрежеде ықпал еткенін көруге болады. «Қазақ ұлт болып өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін, ең алдымен, халықтың салт-санасын оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістету керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда

табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады», - деп түсінген Әлихан ұлттық әдебиетімізді өркендетуге жан-тәнімен еңбек етті [4, 438 б.].

Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. -Алматы: Ғылым. 3-том. 1 кітап, 1967. 642 б.
2. Сатыбалдиев Ә. Руханиқазына. -Алматы :Жазушы, 1987. 241 б.
3. Аймауытов Ж. Шығармалары. 4-том. Алматы:Жазушы, 2005. 265 б.
4. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. -Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. 477 б.
5. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. -Алматы: Ғылым.1970.250б.
6. Ахметов З. «Алаш туын қолға алған» // Жұлдыз, 2003, № 3. Б.-189.

ӘОЖ 894.2.342

ШӘДІ ЖӘНГІРҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАН ТҮЛҒАСЫ

Б.Т. Бораш

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы*

Исторические свершения и героические подвиги хана Абылая вдохновенно воспевались в поэзии Шади Жангирулы. Автор статьи исследовал историческую роль Абылай хана, его жизненный путь, политическую деятельность.

Historical fulfillments and heroic feats of the khan Abylaya were with inspiration sung in Zhangirula'spoeziishad. The author of article investigated a historical role of Abylay of the khan, his course of life, political activity.

Ключевые слова: *Абылай хан, Шади Жангирулы, героический подвиг, политическая деятельность.*

Key words: *Abylay khan, ShadiZhangiruli,heroic feat,political activity.*

Шәді төре Жәңгірұлы (1865-1931) сауатын ерте ашып, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік білген, Шығыс тарихынан, философиясынан, әдебиетінен мол мағлұматы болған, шығармаларының көпшілігін шығыс тақырыбына арнап, нәзиралық әдіспен жазған ақын. Сонымен қатар туған ел тарихының өзекті тұстарына арналған, мысалы, Қазақстанның Ресейге қараған тұсын, сол кездегі хан, төрелер қызметіне баға берілетін бірнеше өлеңдер, дастанға татырлық бір тарауын Абылай ханға арнаған аса көлемді «Тарихнама» атты дастанын жазған.

«Тарихат», «Тарихнама» деп әртүрлі аталып жүрген 6700 өлең жолынан тұратын. Бұл мол пішілген дастан 70-жылдары табылған қолжазба күйінде-ақ ғалымдар назарына ілікті. Бірақ хандарға деген кеңестік теріс көзқарас зерттеушілерді, әсіресе Абылайға байланысты тұсын айналып өтуге мәжбүр еткені байқалады. Оның бергі жағында, тіпті тәуелсіздік алған жылдары шыққан оқулықтар мен зерттеулерде де дастанның бұл Абылай хан жырланған тұсы жай аталып өтумен ғана шектеліп келеді.

Дастан 17 тарауға бөлінген. Біз оны Абылай өмірі мен қызметінің басты бағыттарына қарай үш бөлімге бөліп талдауды ыңғайлы көрдік. Олар: 1) Абылайдың тегі мен жастық кезі ((1-4 тараулар); 2) Абылайдың қазақ елінің шығыс шекарасын бекіту жолындағы күресі (5-13); 3) Абылайдың оңтүстік шекараны бекіту әрекеттері (14-16); 4) Абылай өсиеттері (17).

Абылай ханның қайраткерлік барша ісінің кіріспе іспетті бірінші бөлімінде ханның арғы бабалары Шыңғыс ханнан тарайтынын шежіре тізбегі арқылы көрсетіледі. Бұхарға хан болған бергі атасы Әбілфайызды парсылық билеуші Нәдіршемен қызын беріп жақындасып, билігі күшейген шақта ханның Марайым деген уәзірі зұлымдықпен екеуін де өлтіріп,

шахтың жалған хатымен Бұхараға өзін хан етіп қойдырады. Бұған да місе тұтпай ол Әбілфайыздың бар әулетін өлтіртеді. Сарай қызметшісі аталық Ораз деген қарт кісінің жәрдемімен ханның Абылхай атты кішкене нәрестесі ғана аман қалады. Осы бөлімнің “Абылай ханның жастықтағы халі” деп аталатын тарауында аталық қолындағы Абылхайдың ер жетіп өсуі, сол кездегі басқа балаларға ұқсамайтын “бөлек әр пормасы” халық аңыздары мен тарихи жырларынан белгілі Абылайдың Сабалақ атанған кезіндегі астына төсенішсіз отырмау, тамақты тауыспай жеу, төрге отыру, қолдары мен аяғын төрт жаққа жіберіп ұйықтау, ешкіммен артық ойнап күлмеу, асын қасындағылармен бөлісуі және жас кезінен-ақ үйге кіріп келгенінде өзінен үлкен кісілерді еріксіз орнынан тұрғызатын киесінің барлығы сияқты қылықтарын еске түсіреді.

Бұл бөлімдегі оқиғалардың ауыз әдебиеті үлгілеріндегіден өзгешелігі біріншіден, Бұхараны билеп тұрған Абылай әкесі Әбілфайыз әулетінің жоңғарлар қолынан емес хан уәзірінің зұлымдығынан опат болғандығы, екіншіден, бала Абылайдың ата қонысын іздеуі жоңғарлардан кек алу үшін емес, жан сақтау қамы болатын.

Біз “Абылайдың қазақ елінің шығыс шекарасын бекіту жолындағы күресі” деп аталған екінші бөлімінде автор елдің көп қасірет шеккен қалмақ шапқыншылығына (қайсысы екені айтылмағанмен “Ақтабан шұбырынды...” қырғыны екендігі байқалады) ұшырау себебін “Қазақты қорғайтұғын жоқ еді ханы” – деп түсіндіреді. Дастанда **Жәнібектің** аты аталады, бірақ ол орта жүздің ханы (турасында бұл *Әбімәмбет хан болуы керек*). Ал әлгі айтылып отырған “...жоқ еді ханы” – ол бүкіл үш жүздің қазағының басын біріктіріп, жауға тойтарыс беруді ұйымдастыратын *үлкен ханының жоқтығы* туралы болып отыр. Осы бөлімнің алғашқы екі тарауы осы орны ойсырап тұрған үлкен (ұлы) ханның қалай тарих сахынасына келгендігі туралы жырланады. Алғашқы жорығында-ақ (5-тарауда) жау басым күшпен қазақтарды тықсыра бастағанда намыс кернеген Абылай өз атын “Абылайлап” ұран қылып, жауынгерлерді жігерлендіріп, “Қалмақтың алдын қырқып ұрысқа еніп”, жоңғарларды ел шетінен қуып тастайды. Ұрыстан кейін Жәнібек хан Ораздан жас батырдың тарихын біледі. Келесі тарауда қартайған Жәнібек хан ұсынысымен үш жүзде жиылған халық өкілдері алдында Абылай ақ киізге отырғызылып, барша қазақ ханы етіп сайланады. Хан көтерілген Абылай: “Баршаңыз татулықты көңілге алып, Тұрындар бір жағадан бас шығарып. Бір жеңнен ынтымақ қып қол шығарып, Бұрынғы араздықтың бәрі қалып”, – деп елді бірлікке шақырған үндеуін жариялайды.

Осы бөлімнің екі (6-7) тарауы үш алашты соңына ерткен ханның бұрын айырылған жерлерді қайта қосып алу әрекетіне кіріскені жырланады. Бұл жұмысты алдымен Хиуа мен әкесінің билік құрған Бұхараны үш жүз билеушілері келісімімен қайтарудан бастайды. Хиуа елі соғыссыз “Айтқанын Абылайдың қабыл алып”, енді Бұхараға аттанарында Абылайға “ирандық тәрбие” ықпалының белгісі Нахшбанд Баһауаддин диуананың араласуымен, Абылайдың қазаққа хандығымен қанағат тұтып, әрі қарай бармауын, бара қойса кесірі болатыны ескертіледі. Бұған көнбей көріп еді қосынға індет келіп, біраз адамға шығын болып, хан сол жерден еліне, кіші жүз жері Сыр бойына қайтуға мәжбүр болады. Бөлімнің төртінші (дастан бойынша 8-ші) тарауы Қаратаудағы қоңырат елін шапқан қырғыздардан мал-мүлкін, адамын өз күшімен қайтара алмасын білген Қазымәмек қарияның Абылайдан көмек сұрайды. Хан жүз мың әскермен келіп, Әйтеке жырық басқарған қырғыздарды тізе бүктіріп, “Халқының ар-намысын алып берді”. Осы қырғыз-қазақ оқиғасы тұсында Абылай бойындағы көптеген жаңа қасиеттер байқалады. Алдымен, елінің қай түкпіріндегі болмасын халқына елжірей жаны ашитындығын шапқыншылықтан хабар түскенде “Жылады көңілі босап жасы келгенінен” аңғарылады. Екіншіден, “Жау шауып елдің шетін жатқан кезін”, жүрегіне жақын алып, бармауына ешбір себеп болмайтынын айтып орасан үлкен қол жинайды. Үшіншіден, жорыққа аттанар жігіттерге “Астына құлындаған бие мінсін, Қос артып саулы түйе алып жүруін”, оны қамтамасыз етуді барлық байларға міндеттеп, бүкіл елді мұндай намыс кететін іске жұмылдырып, жаумен соғысқа үлкен дайындықпен барады. Төртіншіден, ұрыс кезінде жағдайға орай ұтымды әдіс қолданып, қолбасшылық шеберлігін танытады.

Абылайдың қазақ елінің басын біріктіру жолындағы күресіне қатысты тараулардың алғашқысында (9-шы) елдің шығысындағы қалмақтың әрдайым тиісіп отыратынына қазақтың сабыр қылғанын әлсіздігі деп біліп, Қалдан ханның тұсында оның екі інісінің бірі Шарыш бір жылы келіп елді шабады. Үстіне оқ өтпес сауыт киген қалмақ батыры қазақ қосынына ендеп кіріп, оңды-солды шауып, қазақты қашыра бастаған кезде намысын жібермейтін Абылай қарсы шауып, атқан оғы Шарыштың болат шығыршықтан тоқыған сауытын тесіп өтіп Шарашты мерт қылады. Намыстанып кектенген Қалдан Абылайды қалайда қолға түсірудің амалына кіріседі.

“Абылай ханның қазақ елінің шығыс шекарасын бекіту жолындағы күресі” деген жалпы атпен біріктірілген сегіз тараудың қырғыз-қазақ қатынасына байланысты (бөлімнің 4-ші, дастанның 8-ші) тарауын жоғарыда әңгіме еттік. Қазақ билеушісінің қалмақтар мен қытайлар сияқты шығыс көршілерімен қарым-қатысы 5- тараудан кейін барып үш тарауында қатар сөз болады. Олардың алғашқысы және дастандағы тараулардың ең көлемдісі “Абылай ханның қалмақтың қолына түскені” тарауы атауына қарағанда осы аттас аңыздар мен тарихи жырлардағы белгілі оқиғаны Абылайдың жастығына арналған фольклор мен дастандағы жақын ұқсастықтай болар деп күтілген. Бірақ қазақ ханының Қалдан Серен қолына түсіп, көп ұзамай босатылу фактысынан басқа ұқсастықтар шамалы. Дастанда фольклордағыдай екі хан арасындағы терең психологиялық және философиялық айтыс, тартыс жоқ. Хан сарайындағы Құлтай атты екінші адам ақылымен Абылай босатылады. Қазақ ханы тұтқыннан екі жаққа да тиімді мәселелерді шешіп қарастырып шығады. Солардың бастысы – “Ел шапса екі жақтың қайсылары, Айыбымен мал, дүниесін қайтып беріп, өлтірсін жазалы қып оны өз ханы”. Егер халқы ханының тілін алмай дүниесін қайтармаса “Жазасы ханға болсын бәрі мұның” деген Абылай шартымен қалмақ ханы келіседі. Тарау әлгіндей аталғанмен әңгіменің көпшілігі хан тұтқынынан кейінгі қазақ-қалмақ қатысына арналған.

Абылай елге келгеннен кейін кейбір ел жақсылары ханның тұтқындалуы сүйекке таңба, сондықтан қалмақтың елін шауып алуды ұсынады. Хан оған: “Қалмақпен сөз байластық уәде қылып,.. Дұшпандық бір-біреуге жасамасқа” деген сөзді бұзбай, асықпай артын күтуге шақырады. Ханның болжамы бойынша, қалмақ “бұрынғы бұзықтығын тағы да етер”, ханы қанша айтқанмен қайтып бермес алған малын. Міне, сол кезде біздің оларға қарсы жорығымыз заңды болады деп, сөзге тұратын *табандылығын, даналық, болжағыштық* қасиеттерін танытады. Хан айтқаны дөп келіп, арада бірнеше жыл өте қалмақ жағы уәдені бұзып қазақ жылқыларын айдап алып, тіпті кісі өліміне шейін барады. Абылайдың қалмақ ханына жазған хаттарынан нәтиже болмаған соң, хан оған елші жібереді. Бірақ қалмақ жағы мал қайырмақ түгіл ханының құтқарылғаны үшін “Қарызына он адамның құнын берсін” – деп, қазақтардың өздерін кінәлап бәле салады, ал Қалдан хан көпшілік айтқанынан шыға алмай, уәдесінде тұра алмай *солқылдақтық* білдіреді.

Осындай болатынын сезген қазақ ханы шыдамы таусылып, үш жүзге қалмаққа қарсы жорыққа жүрмекке хат жолдайды. Бұл жорыққа да алдындағы қырғызға аттанарындағыдай барлық соғыс қажет жабдықтарын толық қамтамасыз етуді байларға міндеттеп, мұқият дайдалынды. Жорықтың сәтті боларына көз жеткізу үшін қазақта бар ескі ырыммен асық иіріп, асығы “Тік болып оңқасынан түсіп”, хан көңілі жұбанады. Бұндай ырыммен қатар бұл жолы да ханның пірі жалаң аяқ жалаңбас түрінде қосынға еріп жүреді. Бұл жолы да қырғызбен болған соғыстың тактикасы (батырлардың жекпе-жегі, қалмақбатырларының жеңілісі, қалмақтардың лап қойып қазақ, қалмақ аралас соғысы) бірнеше дүркін қайталанып, соңғысында тама Есет батыр бастаған батырлардың жауды қашырғаны баяндалады. Осы арада Абылай үш жүз өкілдерін шақырып, кеңес құрып, көпшіліктің осы арадан қайту дегеніне келіспей ендігәрі бас көтермейтіндей қылып, Қытаймен шекарадағы Шәуешектен асырып қуып тастаудың қажеттігін дәлелді уәждермен мойындаттырады. Аса көп шығындарға ұшырап, шекараға келгенде қалмақтар жеңілгендігін білдіріп Абылайға тарту беріп, жараспаққа елшісін жіберіп, бар кінәсын мойындап кешірім өтінген хатын жібереді. Абылай хатпен танысқан соң, “Рахым етті, аяушылық көңіліне көп”. Бірақ қыс таяп қалғандықтан осы жерде қыстап шығуды ойлап, алдағы көктемге шейін “ас-ауқатын

бермекке уағда қылсын” деген шарт қойып, Қалдан ханды оған көндіреді. Сол қыста қоян-қолтық отырған екі халық жарасымды, тату өмір кешеді.

Келесі тарауында Абылай қытай патшасы Бачинге өз ұлы Әділді елші қылып жіберіп, онымен хат жолдайды. Қытай патшасы елшіні жылы қабылдап, ханның өтініші бойынша Шәуешекті екі ел арасындағы сауда-саттық өтетін бекет қылады, тіпті шекарадан алынатын баж салығын қазақ ханының алуына рұқсат та береді. Қазақ елшілігі делегациясына Абылайға деп мол сыйлық беріп жібереді. Хан “Әкелген Шәуешекке бар қазынаны” үш жүзге және қалмақ ханына бірдей етіп бөліп береді. Қалмақ халқы қазақ ханының бұл *жомарттығы* мен *кеңдігіне* қайран болады. Абылайдың өз еліне қайтқаны туралы соңғы екі тарауында әлденеше ғасыр өштесіп соғысқан екі халықтың бір қыста бір-біріне бауыр басып қалып қимай айырысатыны айтылады. Бұндай жақындасу негізінен қазақ жағынан, әсіресе Абылай тарапынан, аса кеңшіліктің “бермегенді беріп ұялт” қағидасынан болған сияқты. Сондай жалпақшешейлікке ұласқан кеңшілік қазір де біздің елдегі басқа халықтарға жасалып жатқан дарқандыққа ұқсайды. Бөлімнің соңғы тарауында Абылай тұсындағы *ел билеу жүйесінен* біршама *мәлімет* беріледі. Сол жүйеден ханның ел ішіндегі тәртіпті нығайтуға бағытталған іс-шаралары тарқатылып, олардың қатаң болғаны айтылады. Мәселен, біреудің малы ұрланып, ол мойнына қойылса, оның қолы кесілетін болған, ал “кінәсі қол кесуден кетсе өтіп – дарға асылады”. “Бұзықты тыймақтыққа” – әртүрлі жаза, соның ішінде “дүре соғу” да болған. “Осындай көргеннен соң хан жұмысын,.. Жолында қанша дүние бос жатса да, Қорыққаннан алмас еді ешбірісін”. Абылай хан қолдауымен әр жүздің малы сатылатын белгілі сауда орталықтары (саудаханалары) болған: Шәуешек, Қызылжар – Орта жүзге, Орынбор, Үргеніш – Кіші жүзге, Хужанд (Ходжент) – Ұлы жүзге қызмет қылған.

Біз “*Абылайдың оңтүстік шекараны бекіту әрекеттері*” (14-16) деп атаған үшінші бөлімінің алғашқы тарауында ханның қартайған шағында *Һазірет сұлтанға* мінажат етуге көңілі ауады. Жолда Созақ жеріне тоқтап, осы жерден қыстақ салдыруға көңілі кетеді. Түркістанда Әзіретке тағзым етіп, әлгі жолдағы ойын іске асыруға Созақ жеріне там салып қала тұрғызуға сарттарды жібереді. Түркістанда ханға сәлем беруге Төле би келеді. Абылайдың сарт жеріне жорыққа аттануына Төленің сарт билеген қалаларда олардың қазақ малын сатуға барғандағы сарттардың қазақтарға көп қиянаты жөніндегі арыз әңгімесі себеп болады. Сарттар малдың пұлын бермей қоятын болған, малға зекет салып, оны жылдан жылға өсіріп отырған. Хан бұл сөзді естіп ашуланып, тағы да өткен қырғыздар мен қалмақтар жағдайындай хат жаздырып үш жүзден қосын шақыртады. Ол кезде қазақтың оңтүстіктегі Әулие ата, Шымкент, Сайрам қалалары сарттардың қолында және олардың әкімдері де солардың өкілдері болатын. Хан бұйрығымен ол қалалардың бәрінің әкімдері таза қазақ руларынан гөрі діндарлығы жөнінен сарттарға бір табан қазақ арасындағы қожалармен алмастырылады.

Ол кезде сарттарға түгел қараған Ташкеннің билеушісі қазақ ханы өздеріне ат басын бұрғанын естіп, дарбазасын жауып ұрысқа дайындалады. Абылай қалаға жақын келіп қонып, нақақтан мұсылманның қаны төгілмесін деп, әскеріне “Рұқсатсыз ұрыспа деп бұйырады”. Қала басшылығының “ұрыспаққа көңілі кеткенмен” Хожанияз деген бір қарияның бұлардан бұрын Абылайдың жеті кентті келісіммен бейбіт жолмен алғанын, оларды екі халыққа да жақын қожаларға билеткенін естеріне салып, қазақтар “тату тұрсақ сауда қылар” мұндай бәтуалы сөзге қалғандары құлақ қойып, дарбазасын аштырады. Ташкенде Абылай хан біраз тұрып, осындай екі жақты келісіп, шарттасумен Қоқан мен Хожантты да алады. Мөр басып қағаздалған шарт бойынша ол қалалардың әкімдері қылып “Өздерінің дайындаған адамдарын” қояды, ал олардың барлығының үстінен бақылаушы етіп, жарлықпен Төле биді бекітеді. Абылайдың оңтүстік жорығынан қазақтардың ұтқаны – “Зұлымынан сарт халқының құтылғаны”.

Дастанның “Абылай ханның кесел болып дүниеден өткені” деген қорытындылық маңызы бар соңғы тарауын біз “*Абылай өсиеттері*” деп, әдейі бөлім етіп қарастырдық. Оңтүстік жорықтан қайтып келе жатып, хан “атасы үшін қысасын алмағанға қайғырады”. “Ақыры

қайғысының көптігінен, Ағзада қуат кетіп”, бойына кесел енеді. Ауруы мендеп, Арыс бойына тоқтап, сол жерде кейіннен “Хан қорған” деп аталған қорған соқтырып, онда бір жылдай аялдайды. Көкшетаудан ұлы Уәлихан келіп, үш алаштың белгілі адамдары шақыртылады. Үш жүздің қариялары ханның есі кіріп, науқасы сәл бәсеңсіген уақытта кейінгіге не насихат айтарын сұрайды. Сонда ханның басқа халықтардағы бір адамның тілін алып, ”Шықпайды айтқанынан бөтен жаққа” жақсы дәстүр барын еске салып, сіздер де “бір адамға ерікті беріп, әрне десе қабыл көріп ынтымақпен тұрсаңыз, еш дұшпан жеңіп алмас сырттан келіп” деп, ақтық сөзі бірлік, ынтымақтық сияқты ел болуға жетелейтін қасиетті үлгі етуге арналады. Халық Абылай ханның ”Ғазіретке қойындар кетсем өліп” деген өтініші бойынша Сұлтанның оң жанына жерлейді. Уәлиханды хан орнына отырғызып, халық елді-еліне тарасумен дастан аяқталады.

Дастанды төрт бөлімге бөліп, барлық 17 тарауын қарастыру кезінде шығармадағы Абылай және басқа хандар бейнесі, Абылайдың үш арыстың басын қосып, орталықтандырылған хандығының құрылымы, билеу жүйесі, көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы туралы айтылғандарды жинақтайтын жалпы дастан, ханның тұлғалық бейнесі және де басқа мәселелер туралы кейбір түйіндеулер, ой-пікірлер.

Біріншіден, бүкіл шығарманың басты желісі – Абылайдың қазақтың үш жүзін біріктіріп, айнала аңдыған жауға төтеп беретін қуатты бір орталыққа бағынған мемлекет құруды жүзеге асырудағы әрекеттері мен мінез-қасиеттері, халқының көрген шарапаты: а) әрекеттерінің іс жүзіндегі орындалуы жолындағы ұйымдастырушылық шеберлігі; ә) жау қолында кеткен қазақ жерлерін халыққа қайтару жолындағы табандылығы; б) Абылай құрған орталықтанған қуатты мемлекеттің көршілерінен теперіш көріп келген әр жүз руларының сүйеніші, қорғаны болғаны, оны сезінуі.

Екіншіден, бір орталыққа бағынған хандықтың ұйтқысы болған Абылай ханның бейнесі әр қырынан көрсетілген а) жас кезінен айқын біліне бастаған тектілігі; ә) дастанның әр тұсынан, әсіресе, қалмақ тұтқынындағы қалмақ ханынан басым түсіп отырған ақыл-парасаты, даналығы; б) тарихтан белгілі Абылай ханның қаталдығы бұл шығармада ел ішінде тәртіп орнату эпизодтарында ғана белгі береді; в) талдау кезінде, керісінше, ханның біраз тарауларында жүрегінің жұмсақтығы жиірек байқалады.

Үшіншіден, көшпелі қоғамда ел билеушінің абыройы хан ордасында тақта отырып билегеннен гөрі, ат үстінде қол бастаған сәттерінде биік болатыны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда Абылайдың халық алдында танылуы көбінесе ұрыс алаңында болып, а) жеке басының батырлық, ерлік, тапқырлығымен танылғанбатыр атағы болды; б) дастанның ұрыс эпизодтары суреттелетін тұстарындағы Абылайдың қолбасшылық таланты, бір жағынан, нақты ұрыстарда шебер тактик түрінде көрсетілсе, екінші жағынан, қалмақтарды қайтып бас көтерместей етіп, ел шетінен қуып тастағанда алысты болжай алатын стратег қолбасшылығымен де көрініс беріп отырады;

Төртіншіден, Абылай ханның ел билеу жүйесін жетілдірудегі кейбір әрекеттерінің көрсетілуі. Бұл а) 11-тараудағы ел ішіндегі тәртіпті нығайту бағытындағы реформасын, оны іске асыру арқасында халықты жолда бос жатқан дүниеге тимес дәрежеге жеткізуі; ә) жорықтарға дайындық кезінде бар салмақты халыққа сала бермей, жорыққа шығатын жігіттердің мініс атынан бастап ішер тамағына шейін ел ішіндегі байларға, ауқаттыларға міндеттеу, оны орындамаған жағдайда олардың қатаң жазаға тартылатындығы. Бұл қазіргі заман жағдайында, мәселен, табиғаттан болатын төтенше кесепат, соғыс қаупі төнген кезде қоғамның әр топтарының, әр мүшесінің, өндіріс, мекеме орындарының өз міндетін білуін міндеттеу және оны орындамаған жағдайда жауапшылықтың болуын қамтамасыз етумен парапар жұмылдыру тәртібі (мобилизационное предписание); б) қазақ қоғамындағы далалық демократия тәртібімен хан билігінің босандығы, оның үстіне Тәуке ханнан кейін орталық үлкен хан билігі болмай, әр жүздің жеке тәуелсіз билікке ұмтылысы болғаны белгілі. Абылайдың қазақ хандық билігіндегі осы олқылықты айтып та (Абылай өсиеті), іс жүзінде де іске асыруы.

Бесіншіден, хан өмірі мен бейнесін суреттеудегі *көмескілеу тұстары* және олар туралы пікір:

- 1) 7-тараудағы “Абылай хан әкесінен жетім қалды, Ирандар тәрбиесін қолына алды” жолдарындағы ирандар тәрбиесінің үлкен ықпалы “қай жерде патша болса яки бір хан, Болады ирандардың жәрдемімен” жолдарынан аңғарылады. Абылайдың көп жорықтарына қолдау көрсетіліп, әкесі билеген Бұхараға аттанар сапарында әулетіне көп қиянат жасаған Марайымнан кек алып, Бұхара тағына отыруға кедергі жасаған Нахшбанд Баһауаддин диуананың үкімімен жолының кесілуі дастанда түсіндірілмейді. Сол ойына алған ісінің болмауы “атасы үшін қысасын алмағанға қайғыруы” ақыры оны дертке ұшыратып, өлімге әкеледі.

Біздің пайымдауымызша Баһауаддиннің Абылай ханның Бұхараға жорығын қолдамауының себебі ол ғұламаның дастанда көрсетілмеген Баһа әд-Дин Мұхаммед бин Бурхан әд-Дин Мұхаммед әл-Бұхари деген толық атын келтірсек ашылады. 14- ғасырдағы ортаазиялық сопылық ағымның ірі өкілі бұл діндар ғұламаның туған және жерленген жері Бұхара қаласы. Сондықтан ханның Бұхараға шабуылын қолдамағаны түсінікті болады. Ал атына жалғанған Нахшбанд – бұл оның сопылық нахшбандия бауырластығын ұйымдастырушылығының дәреже атауы. Дастандағы “ирандар тәрбиесінің” деп отырғаны ғұламаның иран тілді тәжік отбасынан шыққандығы және Баһауаддиннің сопылық ағымның парсылық бағытының өкілі болғандықтан.

Орайы келгенде айта кету керек қазақ аңыздарында да дастандағы Абылайдың оңтүстікке жорығының сұлбасы бар. “Абылай ханның түсі” атты аңызда Шымкент, Сайрам, Ташкент қалаларына сарттан әкім қойып, Самарқанды қамап, енді алам деп тұрған түні көпшілікке белгілі “жолбарыстан... қоянға айналған...” түсін көріп, оны жамандыққа жорыған Бұқар жырау ақылымен Самарқанды алуға сәл қалғанда ұрысты тоқтатып елге қайтады. Қайтар жолда әлгі өз қолымен қойып кеткен сарт басшылары “жалпақ табан, жалаң аяқ сарттарды жинап алып, қосын қылып, ханды Арыс өзенінен өткізбейміз деп алдын тосып тұрады” [11, 326]. Хан сонда сарттардың сатқындығына және алдында батырларын таратып жібергеніне қатты өкініп, құса болып өледі.

- 2) Дастанның тағы бір күңгірттеу тұсы бар. Абылай қазақтардың арыз-шағымы бойынша оңтүстіктегі қалаларға жорығының негізгі мақсаты қазаққа сарттар тұрғысынан теріс ниетті, бұзақылықты түзетіп қана қоймай ол қалаларды қазақ хандығына бағындыру болатын. Хан ол қалаларды алғаннан кейін қазаққа жартылай бағынатын Шымкент, Сайрам, Әулие ата қалаларының әкімі етіп, қазақты қоймағанмен сарттарға дін жағынан бір табан жақын қазақ ішіндегі қожаларды қояды. Мұны түсінуге болады. Ал Ташкентке, Қоқан хандығы қалаларына сарттардың өз арасынан сайлаған адамдарын билеуші қылып қоюды түсіну қиын. Жалпы бақылаушы етіп Төле биді қойғаннан ештеңенің өзгере қоймайтыны анық еді.

Осыған байланысты біздің пікірімізше Абылай ханның сарттарға қолы батпай жартыкеш шешімге, жалпақшешейлікке баруының бір-ақ себебі бар – ол ханның иран тұқымдастарға бүйрегі бұратын жоғарыда айтылған ирандық тәрбиесі немесе парсылық сопылық көзқарасының әсері болар. “Сарт” сөзі (термині) “Қазақстан” энциклопедиясы (7 т., 2005 ж.) бойынша өзбектер мен тәжіктердің ежелгі отырықшы бөлігінің атауы. Қазақтың “өзбек өз ағам, сарт – садағам” деген сөзіне қарағанда бұл атау өзбектерден гөрі көбінесе иран тектес тәжіктерге таңылатыны аңғарылады.

Біздің білуімізше, осы Шәді туындысынан және жоғарыда келтірілген аңыздан басқа көркем шығармаларда, ғылыми әдебиетте Абылай ханның ирандық тәрбиесі (парсылық сопылығы) мен одан жеген опығы туралы зерттеу түгілі еш мәлімет кездеспейді.

- 3) Тарихи дастандағы көптеген жер-су, адам аттары тарихи атауымен көрсетіліп, тарихи оқиғалар негізінен шынайы баяндалады. Неге екені белгісіз тек Абылай алдындағы хан тарихи деректерге үйлеспей Жәнібек деп аталады. Біздің ойымызша ол Әбілмәмбет хан.

- 4) Абылай хан тұсында қазақ-орыс қатынасы біршама шиеленісті болғаны тарихтан белгілі. Дастанда бұл күрделі қатынасқа келгенде ақын қиындықтар болған жағдайларды айналып өтіп, шығарманың екі-үш жерінде кездесетін орыс-қазақ қатынасында өте сақ, орысқа шаң жуытпай, ылғи жылы сөз айтылады. Абылай ханның Үргенішке барған сапары баяндалатын тарауда: “Орысқа барған адам зиян көрмес, Мал алып саудагерге қорлық бермес... Хиюа барған қазақ халқы, Алдырып, қорлық көріп аман келмес”.

Ақынның қазақ-орыс қатынасын бұлай тігісін жатқыза суреттеуінің екі себебін айтуға болады. Біріншіден, шындығында да орыстар, жоғарыдағы келтірілген жолдардан байқалатындай, оңтүстіктегі өзбек-сарттардай емес саудада тазалау, қарым-қатынаста сәл жұмсақтау болған сияқты. Екіншіден, ақынның 1912 жылы “*Россия патшалығында Романов нәсілінен хұқмұнарлық қылған патшалардың тарихтары һәм ақтабан шұбырыншылық заманынан бері қарай қазақ халқының ахуалы*” деп аталатын баспа бетін көрген поэмасының негізгі мақсаты қазақ жұртын Ресейдің Петр бірінші патшаларынан бастап билеушілерін, қым-қиғаш тарихын мадақтай жырлау арқылы Қазақстанның Ресейге қосылуының тарихи қажеттілігін дәлелдеу болған. Әбілқайыр ханды негізсіз осы идеяның авторы қылып көрсетіп, кіші жүзді бұдан тыныштық көргенін мадақтап, ал Кенесарының баласы Садықтың орыс әскеріне қарсы шыққан “жан түршігерлік” істерін сынап, Ресей империясы тұрғысынан жырлайды. Осыған қарағанда Шәді ақынды қазіргі елімізді қаптап кеткен орысшылдықтың тамыры тереңде жатқан алғашқы буыны ма деп қаласың. Абылай туралы жырдағы орысқа жылылық лептің қайдан есіп тұрғаны енді түсінікті болар.

Әдебиеттер

1. Шәді төре Жәңгірұлы. Тарихат. // Абылай хан. *Тарихи жырлар*. Бірінші том. Алматы, «Жазушы», 1993, 82-183 бб.
2. Шәді төре Жәңгірұлы. Абылайдың тарихы. // Тарихи жырлар. Бірінші том. Абылай хан. Алматы, «Білім», 1995, 144-284 бб.
3. Кенжебаев Б. Шәді Жәңгіров (1865-1931). // XX ғасыр басындағы әдебиет. Алматы, «Білім», 1993, 55-59 бб.
4. Келімбетов Н. Шәді ақын. (Зерттеу). (Алғы сөзін жазған Ә.Тәжібаев). Шәдінің әдеби мұрасы. (II тарау. 4-5- баптар). Алматы, «Жазушы», 1974, 37-55 бб.
5. Баһа әд-Дин Нақшбанд. // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. 2 том. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы. Алматы, 1999, 207 б.
6. Шәді Жәңгіров. Қазақ Совет энциклопедиясы. 12 том. Қаз. Сов. энцикл-ның бас редакциясы. Алматы, 1978, 205-206 бб.
7. Сарт. // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. 7 том. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы. Алматы, 2005, 561 б.
8. Абылай ханның түсі. // Абылай хан. *Тарихи жырлар*. Бірінші том. Алматы, «Жазушы», 1993, 324-326 бб.

Вестник Актыубинского регионального государственного университета им. К. Жубанова, №3(41), сентябрь, 2015
История, философия и социология

ТАРИХ, ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ И СОЦИОЛОГИЯ History, Philosophy and Sociology

УДК 930.1

ИННОВАЦИОННЫЕ ОСНОВЫ ИСТОРИКО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО
ИССЛЕДОВАНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ КЕРАМИКИ ДРЕВНЕЙ ГЯНДЖИ

Э.Л. Гасанов

*Гянджинское отделение Национальной Академии Наук Азербайджана
город Баку, Азербайджан*

Бұл жұмыс антикалық Гянджидің көркем керамикасы үлгілерін тарихи - этнографиялық зерттеуге арналған. Тұңғыш рет бұл құнды жәдігерлердің тек қана Кавказ аймағының ғана емес, бүкіл Таяу Шығыстың ежелгі тарихын зерттеудегі басты этнографиялық және археологиялық ақпарат көзі екендігі жарияланды.

This work of samples with Gyandzhi the historian - ethnographic, for studying in art ceramics. For the first time this cost only a monument of the Caucasian region, all of the Middle East that main ethnographic and archaeological the source of information not only with ancient stories is published.

Кілт сөздер: Гянджи, керамика, этнография, Әзірбайжан, Таяу Шығыс.

Key words: Gyandzhi, ceramic, ethnographic, Azerbaijani, Middle East.

Гянджа, родина великого поэта, мыслителя Низами Гянджеви, является одним из древних городов Востока. Как известно, еще с VII-VI тысячелетий до нашей эры в Гяндже развивалось гончарное ремесло. То есть уже в эпоху неолита, энеолита, на территории древней Гянджи, а также долины реки Гянджачай изготавливались ранние керамические изделия. Благодаря усовершенствованию ремесленных традиций, со временем гончарные образцы становились более качественными и разнообразными [1, 131].

Нужно особо отметить, что в истории развития художественной керамики Гянджи конец железного века и ранние века нашей эры имеют большое значение. В этой античной эпохе наблюдается высокое усовершенствование в конструктивно-пластических формах, а также декоративно-орнаментальных особенностях художественной керамики древнего государства наших предков - Кавказской Албании. Город Гянджа являлся одним из основных культурно-экономических центров этого государства.

Главным историко-этнографическим значением изделий художественной керамики Гянджи является тот факт, что керамика была ведущим и определяющим видом, влияющим на остальные декоративно-прикладные искусства Кавказской Албании в рассматриваемом периоде. VI век до нашей эры I век нашей эры считается периодом расцвета художественной керамики древней Гянджи. В этой эпохе прослеживается традиционное продолжение керамических форм предыдущих исторических периодов. А также продолжают действовать и древнейшие культовые обряды эпох бронзы и раннего железа, часто влиявшие на создание таких традиционных керамических форм как зооморфные, сообщающиеся и другие сосуды. Кроме того, в этом историческом периоде одновременно встречаются и сосуды, созданные на базе потребностей хозяйственно-бытовой жизни страны. Примером тому могут служить вазы, фляги и другие сосуды с развитыми керамическими формами [2, 25-27; 3, 73].

Необходимо учесть и непосредственное влияние экономического уклада Кавказской Албании на развитие керамического производства в таких крупных городах, как Гянджа. Так, организация производства керамических изделий в многом была связана с развитием экономики страны. Примером может служить тот факт, что перевозка глины, доставка строительных материалов для постройки гончарных печей, наличие лесоматериалов для топлива, потребительская способность населения в гончарных изделиях и другие важные процессы были стимулированы экономическим состоянием древнего общества. Но в отличие от культовых сосудов, кувшины хозяйственно-бытового значения появлялись непосредственно на базе экономического уклада страны. Вазы, фляги и другие схожие сосуды являются примером.

В историко-этнографической, научной характеристике художественной керамики древней Гянджи данного периода, большое значение имеет развитие конструктивных форм и пластических особенностей гончарных изделий. Основными конструктивно-пластическими формами художественной керамики античного периода Кавказской Албании являются:

1. Керамические фляги.
2. Художественные вазы.
3. Фигурная керамика.
4. Сообщающиеся сосуды.
5. Ялойлутепинские типы сосудов.

На территории старой Гянджи, а также в некоторых историко-археологических памятниках долины реки Гянджачай было обнаружено довольно много образцов данных основных групп керамических изделий [4;5].

Керамические фляги как одна из основных конструктивно-пластических форм художественной керамики древней Гянджи данного исторического периода не случайно возродились в гончарном ремесле, так как они были тесно связаны с хозяйственной жизнью наших предков и географическими особенностями. Эти керамические изделия имеют некоторые характерные черты и на основе разновидности композиционного строения могут подразделяться на три типологические группы:

- а) первая группа включает фляги, характеризующиеся полусферической формой корпуса, широкой развернутой горловиной и двумя большими боковыми ручками.
- б) фляги второй группы характеризуются двумя ручками на плечиках и разновидными выпуклостями сторон. Сюда относятся фляги без носика и с носиком, которые предназначены для ношения в чехле в вертикальном положении.
- в) в третью типологическую группу входят керамические фляги, своими композиционными особенностями отличающиеся от предыдущих образцов. Так как, сосуды этой группы по генетическим основам и композиционному строению отличаются горизонтальными формами корпуса и вертикальными направлениями горловины.

Важно отметить, что художественно-пластические особенности керамики древней Гянджи особенно сильно проявляются в фигурных сосудах. Они одновременно являются неотъемлемой частью пластического искусства Кавказской Албании.

Религиозные представления и культовые обряды, способствовавшие созданию фигурных сосудов, переходя из поколения в поколение, были основной причиной традиционного продолжения данного вида художественной керамики. В этом отношении примечательно, что разные художественные формы фигурных сосудов эпохи бронзы повторялись и в последующих эпохах - в эпохе раннего железа, в IV-I веках до нашей эры и даже в раннем средневековье.

Основными фигурными сосудами данного периода являются зооморфные керамические изделия. На территории Ирана, Турции (Передняя Азия), Центральной Азии были обнаружены образцы гончарного ремесла, имеющие сходство с сосудами античного периода Гянджи [6, 288; 7, 56].

Антропоморфные, зооморфные и геометрические орнаменты художественных керамических изделий древней Гянджи, а также зооморфных (фигурных) сосудов имеют много общностей с гончарными образцами таких историко-археологических памятников, как Бампур, Тепе Гийан, Персеполь, Шахи-Тумп, Гийан и др. Это еще раз доказывает важность керамических изделий Гянджи и всего Гянджабасарского региона как этнографических источников в исследовании исторического прошлого не только Азербайджана, Кавказа, но и всего Ближне и Средне Восточного ареала. Данные образцы художественной керамики античной Гянджи являются показателем древних этно-культурных взаимоотношений в этом регионе в период бронзового, раннежелезного веков, а также в эпоху эллинизма [8-11].

Ресейлік, Қазақстандық зерттеушілердің: Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, А.М.Ерсарина, И.Г.Елисеева, т.б еңбектерінде жеке тұлға дамуындағы қарым-қатынастың орны мен ролін, адамның өзін тануы мен өзін бағалауындағы жетекші әрекет түрлерінің: оқу - танымдық ойын, қарым-қатынастың мәні мен маңызы, әрбір жанның тұлғалық қалыптасуындағы физиологиялық, психикалық, дене-тұлғалық-физикалық жетілудің ерекшеліктері, баланың жалпы дамуын қамтамасыз етуші әлеуметтік белсенділіктің түрі қарастырылады.

Дегенмен арнайы мектеп оқушыларын оқытудың ерекшелігін айқындауға, тірек-қимыл аппаратында кемістігі бар оқушылардың дамуына, оқу-тәрбие процесінің мүмкіндіктерін пайдалану жолдарына, әсіресе инклюзивтік оқыту мәселелеріне арналған зерттеулер соңғы жылдары ғана көптеп туындауда, арнайы орталықтар құрылуда. Сондықтан ғалымдар зерттеулері мен тәжірибелер барысында алынған нәтижелер мен әдістемелерді жүйелі түрде қолданудың тиімділігін анықтауға ерекше назар аударылуда.

Л.С.Выготский бала бойындағы кемістігін толықтырудың екі түрлі ерекшелігін:

- бірі – бала психикасының даму шамасына орай тәрбие талаптары;
- екіншісі – кемістікті қалпына келтірудегі өз бойындағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері, қарастырады, ғалым бала бойындағы кемістікті әлеуметтік жолмен толықтыруға болады, ол үшін кемтар балаларға үнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі түрде жүргізу керектігіне мән береді [3]

В.С.Выготский адам ағзасындағы кемтарлықты зерттей келе: «Адам бойындағы кемістігін сезініп, өзінің қоғамда алатын орнын белгілеуге ұмтылады. Бұл оның психикалық дамуындағы қозғаушы күшін жандандырып, бойындағы кемістігін жеңуге итермелейді. Оның бойында жасырын жатқан қабілеттері жанданып, бойындағы кемістіктерін мүмкіндігінше жетілдіруге ұмтылады. Сөйтіп, кемістік есесін толықтырып, мүгедектік деңгейін төмендетуге бағытталады», - дейді [3]

Инклюзивтік білім беруде категориялық аппарат яғни ұғым түсініктері толық айқындалмаған. Ғалымдардың бір қатары «Мүмкіндігі шектеулі тұлға» ұғымын пайдаланса, соңғы кезде бұл ұғымға қарсы шығушылар «ерекше қажеттіліктері бар тұлға» ұғымын пайдалануды ұсынады. Дегенмен, бұл екі ұғым да инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттарына сай қолданылатын сөздерді, ұғым түсініктерді әлі де нақтылау қажеттігін түсіндіреді. Зерттеушілер: С.В Алексеева, О.Б Лошнова: «Оқытудағы дифференциалды қатынасқа» мән берсе, Л.Е Еремина: «Коррекциялық класстардағы

материалдар негізінде балаларды оқытуда кездесетін қиындықтарды» қарастырып кеткен. Инклюзивті білім беруде:

- біріншіден баланың жеке қажеттілігіне сай білім беруді ұйымдастыруды;
- екіншіден, баланың мүмкіндіктерін ескере отырып білім мазмұнын дұрыс іріктеп алуды;
- үшіншіден, оқыту бағдарламасына сай білім мазмұны толық қарастырылған оқулықты қажет етеді.
- төртіншіден, ата- аналардың сұраныс-тілектеріне көңіл аударып, олармен ынтымақтастықта жұмыс істеу көзделеді.

Инклюзивті білім берудің негізгі ұғым түсініктерін қарастырушы ғалымдар Н.В Борисова, С.А Прушинский, М.Перфильеваның редакциялауымен жарық көрген «Инклюзивное образование: ключевые понятие» оқу құралында ең негізгі ғылыми аппаратқа тоқтала отырып, ұғым түсініктердің мәнін ашады. «*Инклюзив*» сөзі француз тілінен аударғанда (*inclusif*-өзімді қосқанда) ал, латын тілінен аударғанда (*includo*-қосамын) деген мағынаны білдіреді[4]. Ал, инклюзивті білім беру негізін қарастырушы Қазақстандық ғалымдар Исакова А.Т., Мовкебаева З.А., Закаева Г., Айтбаева А.Б., Байтурсынова А.А оқу құралында, алдымен ізгілік- философиялық сипатына, құқықтық- нормативтік негізіне, көппәнділік жүйесіне сай жайлы орта құруға, білім беру процесіне бейімдеу мен өзгерістер енгізуге, отбасымен жұмыс істеуге, білім нәтежесін бағалауға мән бере отырып арнайы педагогиканың мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін жан-жақты ашады. Инклюзивті білім берудің айрықша бір бағыты- дистанциялық көмек көрсетуге арналады. Арнайы педагогикада инновациялық білім беру көзі- интерактивтік әдістерді қолдануға ерекше көңіл бөледі. Бұл арада Ж.Қараевтың деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы, С.Н Лысенкованың оза оқыту технологиясы, Д. Эльконин – В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, сын тұрғысынан оқыту технологиясы және т.б педагогикалық технологияларды қолдануға болады.

Біз өз тәжірибемізде «ЖИГСО» немесе «Зигзаг» әдісін кеңінен пайдаланамыз. Бұл әдістер сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдісіне енеді. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы туралы пікір, ХХ ғасырдың 80 жылдарынан бастап Қазақстанда қолданылуда. Сын тұрғысынан ойлау әдістемесі танымдық белсенділікті, танымдық әрекетті, танымдық қызығушылықты дамытуға арналады.

Ойын терапиясы арқылы тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың дене кемістігін қалыпқа келтіруге, түзетуге болады. Ойын терапиясы – күрделі жұмыс. Бала психикасын дәрісіз емдеу, психотерапиялық құралдардың көмегімен баланың көңіл-күйіне, өзіне, қоршаған ортаға қарым-қатынасын өзгерту, сондай-ақ ауру нышандарын жою мақсатында оның барлық мүшесіне әсер ету әдісі.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға жүргізілетін ойын терапиясының негізгі міндеттері:

- Бала бойындағы ішкі қысымды жеңуге үйретеді;
- «Мен» бейнесі ашылады;
- Есте сақтау қабілеті қалыпқа келеді;
- Қарым-қатынастың жоғары деңгейін меңгереді;
- Шығармашылық қабілеті дамиды;
- Таным үрдістері дамиды;
- Бала өзін-өзі басқаруды үйренеді;
- Салауатты өмір салтын жете түсінеді;
- Баланың жеке мүмкіншіліктері анықталады, шығармашылық қабілетін оятады;
- Қиындықтарды жеңе біледі;
- Тұрмыс-тіршілігіндегі шектелуді жоюға көмектеседі;
- Қоғамдық ортаға әлеуметтік бейімделеді;
- Балалардың қобалжу деңгейі төмендейді;

- Қоғамның тең құқылы мүшесі екенін сезінеді;
- Психологиялық-педагогикалық түзеу арқылы, кәсіптік дағдыларды меңгеруде әлеуметтік мүмкіндігі кеңейді;
- Баланың соматикалық жай-күйі түзеледі;
- Тірек-қимыл аппаратының бұзылысының ауыр түрінен сақтайды.



Инклюзивті білім берудің методологиялық негізі толық айқындалмаған. Оны айқындау арнайы педагогика мен коррекциялық және дамыта оқыту мәселесіннің методологиялық тұғырнамасын жан- жақты қарастыру қажет. Ғылым дамуындағы жаңа бағыттардың қалыптасуында методологиялық негіз бен парадигмалық өзгерістер мәнді рөл атқаратынды. Қазіргі теориялық-концептуалдық мәселелер осы өзекті проблеманың шешімін айқындауға бағытталуы тиіс.

Методологиялық негіз бір қарағанда психологиялық тұрғыдан да, педагогикалық тұрғыдан да біршама зерттелген. Ш.Таубаева «Педагогика әдіснамасы» еңбегінде, Т.В Корнилова; С.Д Смирнов «Методологические основы психологии» оқу құралында осы ғылымдар методологиясын талдауға айрықша көңіл бөлінеді. Теориямен тәжірибенің, заңмен заңдылықтардың, психологиядағы психологиялық әдістердің ара-қатынасын қарастыруға, зерттеулердің мәнін ашуға көңіл бөлінетіні атап өтіледі. Әрі «ғылым», «философия», «көзқарас», «әдіс», «ғылыми таным», «объект», «пән», «категория» ұғымдарымен мән-мағынасын ашып, жан- жақты талдау жасалғанымен, инклюзивті білім беру саласындағы методологиялық негізіне байланысты ой-пікір кейбір жеке мәселелерді қарастырумен шектеледі. Методология инклюзивті білім беру стратегиясын құрастыруда айрықша рөл атқаратындықтан, осы саладағы білім беру перспективасын, бағытын, кешенді ғылыми зерттеу жүргізу жұмысын арнайы мақсат арқылы бағдарлап құру жолын айқындауда мәнді рөл атқаратындықтан, біз біріншіден, методологияның орны мен рөлін ұтымды жұмыс жүргізу үшін, екіншіден, болашақта алынатын нәтижені алдын-ала көре білу үшін, үшіншіден мақсатқа жеткізетін әдіс-тәсіл, құрал, әдістеме мен технологияны балалардың жағдайына сай таңдап алу үшін, төртіншіден физиологиялық-психологиялық мүмкіндіктеріне сәйкес білім мазмұнын іріктеп ала білу үшін және соған сәйкес оқулық құрастыру жолын құру үшін қажет.

Әдебиеттер

- 1 Дж.Брунер.Оқыту процесі. Торжество разнообразия: Пиаже и Выготский // Вопросы психологии, 2001// №4, С. 3-13.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 3 Выготский Л.С. История развития высших психических функций // Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6-т. Т.3.М.:Педагогика, 1983.
3. <https://ru.wikipedia.org> Википедия «Свободная энциклопедия».
4. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы, Алматы: Қарасай батыр- 2011.
5. Корнилова Т.В., Смирнов С.Д. Методологические основы психологий. СПб. Питер, 2008, -320 с.

УДК: 00.004

THE WAYS OF USING INTERACTIVE WHITE BOARD AT THE ENGLISH CLASSROOMS

A.A. UAIIS, A.T. TRUSHEVA, A.A. AMIROVA, ZH.N. AMIRAGALIEVA

K.Zhubanov Aktobe regional state university

Aktobe, Kazakhstan

Бұл мақалада ағылшын тілі сыныптарында интерактивті тақтаны қолдану жолдарын ұсынады. Интерактивті тақтаны қолдану рөлі, функциясы, жұмыс жасау қағидаттары мен жолдары қарастырылған.

В этой статье рассматривается использование интерактивной доски в английских классах. А также рассматриваются роли, функции и работы использования интерактивной доски.

Кілт сөздер: *интерактивті тақта, сабақтар, жаңа техника, білім, инновация.*

Ключевые слова: *интерактивная доска, занятия, новые технологии, знания, инновация.*

New technology has been developed that many people in the past have never dreamt of. Day after day, year after year, something new appears and we think that this must be the end. Thank to the experts from all over the world and their cooperation our lives have become more comfortable, easier and definitely more interesting. Schools are the environments where new leaders of evolutionary teams start to be formed and technology used at schools has so much to say. However, teachers are those who have to stay current with the new technology and to be able to pass the knowledge on to their students.

The first interactive white board (IWB) system was created more than 18 years ago. Since then, it has been used by a large number of enthusiastic teachers in many countries all over the world. What is more, the number of people is still increasing. IWB is a technical instrument which may be either placed on the wall or on a cart with small portable wheels so that it can be placed anywhere in the classroom or even moved from one room to another [1; 6].

Interactive whiteboards have become increasingly popular in classrooms across the country. Taking technology in the classroom to new heights, interactive whiteboards provide a diverse array of tools and resources to users [2].

Interactive whiteboards are used in many schools as replacements for traditional whiteboards or flipcharts. They provide ways to show students anything which can be presented on a computer's desktop (educational software, web sites, and others). In addition, interactive whiteboards allow teachers to record their instruction and post the material for review by students at a later time.

This can be a very effective instructional strategy for students who benefit from repetition, who need to see the material presented again, for students who are absent from school, for struggling learners, and for review for examinations. Brief instructional blocks can be recorded for review

by students—they will see the exact presentation that occurred in the classroom with the teacher's audio input. This can help transform learning and instruction [3].

Teachers seek to use the technology as an integral part of most lessons in a way that exploits the interactive capacity of the technology. Opportunity is available for students to respond to IWB stimuli – as individuals, pairs or groups with *enhanced interactive* learning. The IWB is used as a means of prompting discussion, explaining processes and *developing hypotheses or structures*. *A variety of materials is used including 'home-grown' and internet resources, and IWB specific and commercial software.*

Major features that encourage pupil motivation in both mathematics and modern foreign languages – and possibly other subjects – can be classified in three ways:

- those aspects of classroom management that lead to an interactive and participatory focus on the IWB throughout the lesson
- stimulation provided by the combination of the seeing, touching and listening paths to learning
- the stepped learning: concepts are presented in a logical way

Advantages of using interactive whiteboards at lesson:

- Able to pre-prepare presentations to display on the board. These can include text, images, maps and links to other files, such as audio or visual files.
- Presentations can be used over and over by individuals and/or groups and classes. Ideal for instruction related to particular research skills
- Pictures are very powerful - showing pictures of objects, people and places from other parts of the world can all help to explain a topic. Try using Google Images to find pictures for your topic. These pictures can be copied and pasted into PowerPoint or Word, but you can also take 'snapshots' into your whiteboard software. This allows you to select as much or as little of the picture as you want. Using pens or highlighters from your whiteboard software, you can write over the top of pictures, highlighting important features.
- In most whiteboard software, items can be selected and moved on screen. For example, pupils can select a word or a picture and move it across the board. Being able to move items on screen allows pupils to carry out certain tasks, such as labeling.
- Some whiteboard software has a 'spotlight tool' which can show just small areas of the board, either in a circle or in a rectangle.
- Use shapes, such as rectangles or circles in your whiteboard software to create interactive exercises. Rectangles can provide a 'container' for words. Circles can provide a focal point for dragging words or pictures.
- Being able to turn the page in your whiteboard software means that you never run out of space. It also means that lessons can be structured around a series of pages. This saves having to prepare overhead slides. It is possible to return to any page at any time in a lesson, making it easy to refresh students' memories or refer back to previous ideas.
- It is possible to use a scanner to scan in pages of text books. This means that a large version of the page can be displayed on the screen. This can then be marked up with comments (in colour) and notes.
- Can be used with CD-ROMS, sound (e.g. wav / mp3) and video clips (e.g. mpeg; avi or wmv) and PowerPoint.
- Some software provides banks of resources for use in lessons. This includes banks of images, which can save time in searching for suitable pictures [4].

IWB's learning objects as well as all the good coursebooks should be aware of the basic principles which have to be fulfilled in order to receive the expected results which in this case means not only a high-quality learning objects and/or coursebooks but also and primarily students enjoying the learning process and benefiting most of it. The Hausner's publication called "Interaktivnitabuli!" mentions the following principles:

1. Motivation – with a help of IWB we can achieve pupils' motivation easily not just because of the equipment but the range of activities it offers. It is easier for teachers to work with pupils who are highly motivated rather than those who are bored and cannot wait for a lesson to end.

2. Enough visuals – it means that learning becomes more effective if learners may use their senses. To see from different point of view, different angles, films, videos, to hear e.g. sounds of animals, musical instruments, to touch and move objects increase the effectiveness and help pupils experience subject matters.

3. Feedback – we mean the way of discovering whether pupils know the subject matters and we can take a step further on. It is advised to use some kind of worksheets to receive the feedback and of course another way is testing which is certainly not a pleasant way.

4. Activity – IWB offers, as mentioned previously, a range of activities which will not definitely leave pupils passive. Almost everybody is interested in what is happening on the screen and they want to participate and become part of it.

5. Self-activity – this feature presents the idea of subsiding pupils and letting them work individually, reinforcing the acquired knowledge.

6. Elements of fun – some activities prepared by teachers should contain at least some of these elements. Learning becomes more interesting and enjoyable.

7. Suitability – it means that it is important to consider what age group we teach, their level of language, the environment and other aspects which may affect the learning process.

Finally, it may be essential to mention the basic principles for interactive teaching as suggested by Hausner:

- “Interaction is mostly a dialogue between a pupil and his/her teacher therefore the content of the lesson has to be based on that.

- The main questions of the lessons should be why, how and what for and should not be when, where and who.

- To find the right solution is possible to reach in many different ways; the teacher’s role is to show the right way.

- Own ideas, opinions are the ways to success if they meet with an appropriate feedback.

- IWB offers a team work. Let pupils create their own materials which when put together make one unit.

- Start discussions from simple to more difficult and from known to unknown facts.

- Conflicts lead to knowledge” [5; 27].

Imagine a future where our children are more motivated because they aren’t just learning on blackboards, but on new whiteboards with digital touch screens; where every student in a classroom has a laptop at [his or her] desk; where [students] don’t just do book reports but design PowerPoint presentations; where they don’t just write papers, but they build web sites; where research isn’t done just by taking a book out of the library, but by emailing experts in the field; and where teachers are less a source of knowledge than a coach for how best to use it and obtain knowledge [2].

In conclusion, the IWB is a real asset to subject teaching. It is a beneficial tool in teaching English. The IWB puts forward a number of various resources to improve the English language skills. Presentations made by flipcharts are easy to obtain, modify, and create. They are versatile and a great asset to any classroom. Good presentations may take time to produce or adapt, but they can be shared and used year after year. They can be used for whole class presentations and reviews, for drills, or for individual work. A whole class can view the same presentation at one time. The teacher can lead a discussion or point out important ideas as the presentation progresses.

This article deals with some techniques that help to learn to focus better the class tasks and their content according to students needs. Software products can solve different tasks at the same time. Interactive Whiteboard for teaching foreign languages is just coming into wide use. Interactive Whiteboard has many advantages in comparison with other technical means of teaching.

References

1. Březinova, J. Interactive Whiteboard. Teaching English to young learners. - BRNO 2009
2. Interactive Whiteboard Lessons. Plug into interactive whiteboards to spark creativity in the classroom [Электронный ресурс]: [Andrea Ferrero](http://www.learnnc.org/lp/pages/6458). - Режим доступа: <http://www.learnnc.org/lp/pages/6458>.- свободный. - загл с экрана. - данные соответствуют 10.09.2015.
3. InteractiveWhiteboardLessons [Электронный ресурс]: Tasks. - Режим доступа: <http://rmtc.fsdb.k12.fl.us/tutorials/whiteboards.html>.- свободный. - загл с экрана.- данные соответствуют 10.09.2015.
4. Granger, S. Learner on Computer. - London: Addison Wesley Longman, 1998
5. Interactive Whiteboard Use by Teachers and Teacher Librarians [Электронный ресурс]: P. Pledger & K. Beilby. - Режим доступа: http://en.wikipedia.org/wiki/Interactive_whiteboard.- свободный.-загл с экрана.- данные соответствуют 10.09.2015.

ӘОЖ 159.9

ШЕШЕН СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

А.Б. Наренова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В статье рассматривается психологическая сущность ораторской культуры.
In article is considered the psychological essence of oratorical culture.*

Ключевые слова: *психологическая сущность, ораторство, ораторская культура.*
Key words: *psychological essence, ораторство, oratorical culture.*

Сөйлеу мәдениетінің ең жоғары формасы – шешендік. «Өнер алды-қызыл тіл» екенін білген адам сол шешендік өнерді білуді құлшынады, бірақ жұрттың бәрі данқты шешен бола алмайды. Әркімнің білім дәрежесі, ақыл-ойы, парасаты әр түрлі болатыны сияқты, жалпы тіл мәдениетінің, әсіресе шешендік өнерінің дәрежесі де түрлі болады. Шешендікке ерте замандардан-ақ үлкен мән берілген. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер-ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына.

Сөйлеу мен тілді зерттеуде адамзат өмір сүрген барлық кезеңдерде Платон мен Аристотель заманынан бастап, осы кезге дейін қызығушылық болып отырған. Платон өзінің еңбегінде: «сөз-оқыту мен мәнерді таратудың құралы» - деген. Сонымен бірге, ол сөздердің формасы кездейсоқ емес, ол оның функциясы мен мазмұнына байланысты деп есептеген. Аристотель Платоннан басқаша түсіндіреді. Ол жаратынды түрінде емес, конвенциялық (шартты) ұстаным жағынан қарастырып, тіл адамдар арасындағы келісім жемісі деп санаған.

Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының ел аузына қараған ойшылдары болған. «Риторика» ғылымы ерекше бағаланып, М.В.Ломоносовтың 1748 жылы басылып шыққан «Шешендікке қысқаша басшылық» - атты еңбегі бұл өнердің Ресейде қалыптасып, дамуының мотиві болды. Қазақ халқының шешен сөйлеу мәдениеті, оның дамуы сонау ежелгі сақ дәуірінен, Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінен бастау алып, орта ғасыр түркі жазба ескерткіштерінің бәрі- біз үшін ұрпақтан ұрпаққа берілетін тарихи мұра.

Қазақтың шешендік сөйлеу мәдениетінің дамуы XII-XIII ғасырларда Майқы би мен Аяз билерден басталып, ал XIV-XV ғасырда Жиренше шешен, Асан қайғы есімдерімен қатысты қалыптасып, дами түсті. XV- XVIII ғасырларда Шалкиіз, Бұхар, Дулат, Төле би, Қаз дауысты Қазбек би, Әйтеке биге жалғасып, шешендік өнер қарқынды дамыды. Бұл кезең қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді.

XIX-XX ғасырларда сөйлеу өте қарқынды зерттелді. Ғалымдар В.Вундт, Ф-де Соссюр, И.П.Павлов, А.Г. Смоленский, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов т.б. зерттеулері құнды болды. Олардың қорытындылары бойынша, сөйлеу таным құралы ғана емес, сонымен бірге жоғары психикалық процестерді реттеуші құрал болып табылады. Зерттеушілердің қорытындысында адамның маңызды психологиялық функцияларының қатарында тіл қатысымен сөйлеудің алатын орны ерекше екендігі дәлелденді. Сөйлеу арқылы адам өзінің ішкі дүниесін сыртқа шығарады, оны басқалар түсіне алады. Сөйлеудің мағынасы сананың ағымдық бағыттарын баяндайды. Сөйлеу психикалық феномендікті психологиялық өнімге айналдырады, яғни ой тіл арқылы көрініс табады. Сөйлеу адамның дербестік санасының феномені болып табылады. Психология мен лингвистика сөйлеу мен тіл айырмашылығын мойындайды. Ф-де Соссюр деген тіл маманы сөйлеуді психологиялық құбылысқа жатқызады, өйткені ол қарым-қатынастық ситуацияға байланысты, ал тілді әлеуметтік құбылыс деп есептейді, себебі лингвистикалық жағынан зерттелуге жатады.

Атақты тарихшы, түрік тарихын түп негізіне дейін зерттеген Л.Н. Гумилев: «... дұрысын айтсақ, қазақ халқының мәдениеті, олардың тіл байлығы, жауапкершілігі, суретшілдігі, мүсіншілігі, зергерлігі, музыкантылығы басқа халыққа үлгі боларлықтай» десе; Италиян ғалымы Марко Поло «О разнообразии мира» деген еңбегінде қазақтың намысқойлығына, қайтпас қара нардай зеректігіне, қара сөзге шеберлігіне әнші-күйшілігіне таңдай қаққан. М.Арын «Бес анық» мақаласында («Серпін»-«Резонанс» газеті, 12.08. 1994жыл) Ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты-тіл. Тіл дегеннің өзі бүкіл бір халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қоймасы сияқты. Қойма дегенде ойға оралады, сол жиналған рухани өмірін жаңадан бастаған болар еді...

Ұлт пен тіл еш уақытта ажырамайтын, бірінен-бірі кірігіп, бөліп алуға болмайтын нәрсе. Ұлттың ең негізгі қасиеті- қабілетінде, ал қабілет-ойлаумен байланысты, өз кезегінде ойлау дейтін нәрсені құрайтын-тіл. Ұлттың рухы тілдің мазмұнын рухтандырып тұрады. Рухсыз тіл,- тіл емес деген.

Ел бастайтын көсем, жұртты аузына қарататын шешен болмаса да әрбір мәдениетті кісінің қоғамда атқаратын қызметіне сәйкес шешендік өнері болуға тиіс. Сондықтан сөйлеу мәдениеті - алдымен, әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормасын меңгеру. Сонымен бірге, бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай, сөйлеу мазмұндылығы мен мәнерлілігін сақтай отырып қолдана білу. Қазақ сөз қадірін білген халық. Шешендікті жоғары бағалап өз ойын, өз пікірін шебер түйіндеп, ұтқыр, әсерлі етіп айта алатын, естігені, көргені көп, соның бәрін халық мүддесіне, парасаттылық пен әділдікке пайдалана білген адамдарды қатты қадірлеген, жастарға үлгі еткен. Әсіресе, XV-XVII ғасырларда Тәуке хан тұсында халықтың шешендік өнеріне қатты мән берілген. Хан Тәуке қазақтың жырауларының, шешендер мен шежірешілерінің басын қосып халықтың мақал-мәтел, аңыз, жырларын жинатқан. Оның төңірегінде ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты аты аңызға айналған адамдардың болуы да Тәукенің сөз құдіретін, шешендікті жоғары бағалағанын байқатады. Қазыбек би Тәуке ханның тапсырмасымен Жоңғар ханына барғанда өзінің қандай мақсатпен келгенін былай баяндайды: «Сен темір де мен көмір, еріткелі келгенмін. Екі еліктің баласын теліткелі келгенмін. Егесетін ел шықса, иілткелі келгенмін. Тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенмін. Жаңа үйреткен жас тұлпар, шабысқалы келгенмін. Танымайтын жаттарға, танысқалы келгенмін. Қазақ-қалмақ баласы, табысқалы келгенмін. Табысуға тұрмасак,

тұрысатын жерінді айт, сен қабан да мен арыстан, алысқалы келгенмін». Осындай өткір де төкпе сөздермен халқының мақсат мүддесін оның басқа жұрттан, тіпті де кем емес, терезесі тең екенін, тату болып табысам десең де, жау болып шабысам десең де қарсы алдыңда лайықты халықтың өкілі тұрғанын анықтап, ашық айтады. Қазақтың шешен билері, «Тура биде туған жоқ» дегендей, ханнан қаймықпаған, пара алмаған шешен, билер сөзге шебер болумен бірге елдің шежіресін, тарихын, ел басынан өткен ұлылық-кішілік оқиғаларды, дау-жанжалды, айтыс-тартысты реттеудің тәртібін, әдет-ғұрып заңдарын жетік білген. Осындай әдет-ғұрып қарым-қатынас ережелерін қалыптастырған Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» халықтың жадында күні бүгінге дейін жасап келеді. Халық оның ережелері мен талаптарын мақал-мәтелге айналдырып, ұмытылмай есте сақталатын ұшқырда уытты сөздермен ұғымды етіп айта білген. Мәселен, «Әділ билік – алтын таразы», «Жетпеген билік жеті ұлықтың есігін ашады», «Қара қылды қақ жарған әділдік», «Батыр айғақ, балуан куә», «Сорғалаған қан, сойдақтаған із», «Ханға хандық, биге билік», «Алдыңа келсе атаңның құнын кеш», «Жан алып жат болма», «Судың түбін шым бөгейді, даудың түбін қыз бөгейді» деген сияқты тамаша тапқырлықпен айтылған сөздер арқылы қазақтың билері мен шешендері заңға, адамгершілік нормаға қатысты ережелер мен құқықтарды жұртшылық санасына орнықтыруға күш салған. Қазақ сахарасының шешендері мен билерінің ақылды аталы сөздері, өнегелі өсиеттері мақал-мәтелдердің тууына себепші болған. Халық даналығынан туған мұндай қанатты сөздер, мақал-мәтелдер ескірмей, тозбай жұртшылық зердесіне ерте замандардан бері сақталып келеді. Олардың көбі мәнін күні бүгінге дейін жойған жоқ. «Күн түспеген жер көгермес, көсемі жоқ ел көгермес», «Кереге бойы қар жауса, жұтамайды сауысқан, қанды қалпақ кесе де қиыспайды туысқан», «Қарын қамын ойлаған қаралықтың белгісі, халық қамын ойлаған даналықтың белгісі»- деген сияқты халқымыздың даналығы мен шешендігінің үлгісі болып табылатын мақал-мәтелдер мен аталы сөздерге қазақ жері кенде емес. Сөз байлығы-сөз сапасының аса маңызды белгілерінің бірі. Бұл қасиет шешеннің жалпы мәдениетіне, біліміне, оқыған-тоқығаны мен топ алдында сөз сөйлеу тәжірибесіне байланысты. М.Балақаевтың пікірінше, қазақ тілінде жүз мыңдай сөз болуы керек. «Әрбір тілдің сөз байлығына сол халықтың өміріне, тіршілігіне, тұрмысына керекті, солардың негізінде танымал болған заттардың аттары енеді де, іс-әрекет, тіршілігінде керек болмаған, танылмаған заттардың аты бола бермейді» дейді. Сөз байлығының тағы бір құралы-дауыс екпіні, интонация. Дауыс екпіні мен әуенін шебер өзгерте отырып сөйлеген шешен табысқа жетуге бір табан жақын тұрады. Демек, актерлік қабілет те белгілі бір дәрежеде шешеннің ажырамас серігі болып табылады. Шешендік сөз тыңдаушының ақыл-ойына, сана-сезіміне әсер етеді. Демек, шешен сөзі қызу қанды, әсерлі сезімге толы болғанда ғана тыңдаушының жүрегіне жетіп, өтімді болмақ. (Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді). Ғалымдар мұндай сөз адамның ойына, жадына, назарына оң әсер ететінін анықтаған. Шешен тыңдаушысын қандай көңіл-күйге бөлеп, оның жүрегінде қандай сезім оятқысы келсе, соны алдымен өз жүрегінен өткізіп, өзі шынайы сезінгені абзал. Сонымен шешен сөйлеу мәдениетінің дамуы шешендік сөздер-ел құралып, халық қалыптаса бастағаннан бері халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесіне пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ақындар мен шешендердің, ел ағасы болған данышпандардың, жастайынан жалындап өскен өткір ойшылдардың аузынан шыққан дуалы, өнегелі, қисынды, қасиетті сөздер. Қазақ ауыз әдебиетіндегі шешендік сөздерді мазмұнына қарай: шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш топқа бөлуге болады, өлеңмен айтылған шешендік сөздер-термелі, қара сөзбен айтылғандары пернелі деп аталынады. Арнау шешендік сөздері: әзіл, сықақ, сын, бата, алғыс, естірту, көңіл айту. Шешендік толғау: өсиет, насихат. Шешендік дау: жер дауы, жесір дауы, мал дауы, ар дауы. Шешендік сөздер халықтың түсінік сөздерімен баяндалады. Ол түсінік (кіріспе) сөздердің құрылымының көркемдік дәрежесі шешендік сөздерден төмен болуы мүмкін, дегенмен түсіндірме сөздер шешендік сөздерді жеткізе айтудың құралы болып табылады. Жиын-тойда, мәжілістерде, бас қосу рәсімдерінде сөз жүйесіне шешендік сөздерді арқау

етіп сөйлеу-қазақ қариелерінің дәстүріне айтылған құбылыс. От басында ата-ана бала тәрбиесіне үлгі етіп шешендік сөздерден мысал келтіріп, баланы әңгімеге тартып, ойын оятып отыруға міндетті, шешендік сөздерді от басында оқуды әдетке айналдырып, әдеттен дағды, дағдыдан дәстүрді қалыптастыру ләзім. Қазіргі кезде ел аузында көбірек айтылып жүрген «қанатты сөздер» де шешендік сөздердің бір түрі болып табылады. Сондықтан халықтың шешендік үлгілерін тәрбие ісіне пайдалана білудің маңызы ерекше. Шешендік сөз шешендікке үйретеді, адамгершілікке тәрбиелейді, ұлттық мақтаныш сезімді оятып, ұрпақтың тілді, асыл сөздерді қадірлеу борышын баянды етеді.

Әдебиеттер

1. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. –Алматы: «Қаржы-қаражат», 1995.
2. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. –Алматы: «Қазақ университеті», 1991.
3. Оразбаева А.С. Шешендік өнерге тарихи шолу. «Этнопсихология және Этнопедагогика» сериялы ғылыми жинақ ХVІІІ шығуы. Алматы 2009.
4. Фрумкина Р.М. Психолінгвистика. –Москва: «Академия», 2001.
5. Берікұлы Н. Жантану. – Ақтөбе: «NOBEL», 2006.

ӘОЖ 159.9

ТҮЛҒА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА АРТ-ТЕРАПИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

А.С. Сугурбаева

*«Тілдерді оқыту орталығы» МҚКМ
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

В статье рассматриваются о преимуществах использования сказкотерапии в регулировании эмоции учащихся. Проанализированы роль и влияние сказкотерапии на воспитание, на регулировании эмоции школьников. Рассмотрены ведущие идеи сказкотерапии, главные достижения использования народных сказок.

This article discusses the benefits about using the tale therapy in regulating emotions of primary school children. Separately considered the emotions and feelings of schoolchildren. Also examined tightness and warning of no reason distress children. Role, influence and education tale therapy in regulating emotions of primary school children are considered the leading ideas tale therapy, the main achievements of folk tales. In tale therapy can use different games.

Ключевые слова: *арт-терапия, сказкотерапия, воспитание, народные сказки.*

Key words: *tale therapy, emotions, distress, national fairy tales.*

Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген [1]. Бұл ретте Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауында да баса назарға алынып: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» - деген мақсаткерлік оймен айқындалған болатын. Сондықтан да қазіргі білім беру саласының даму кезеңінде педагогтар алдында оқушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, яғни жан-жақты, азат,

шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері тұрғаны анық.

Бүгінгі еліміздің қарқынды даму жағдайында жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдарды толық меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Ол - рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құндыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Сондықтан да оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі ретінде педагог сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы ретте, педагогтың оқушылармен жүргізетін мақсатты жұмыстарының бір саласы танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын оятуға бағытталуы тиіс. Бұл жағдайда аталған мақсатқа қол жеткізуде мектеп психологының атқаратын рөлі маңызды. Өйткені жеке тұлғаның қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашу, оларды салауатты өмір салтына үйретіп, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін баланың психологиялық даму барысында орын алатын көптеген ауытқулардың алдын алып, даму қайшылықтарынан өтуге психологтың көмегі үлкен. Бұл тұрғыда кіші мектеп жасындағы балалардың эмоциясын реттеу маңызды. Біз өз мақаламызда бүгінгі білім беру жүйесінде оқушының тұлғалық дамуында шығармашылық еркіндік пен танымдық дамуына орасан зор ықпал ететін психотерапияның маңызды саласы – арт – терапия туралы ой бөліскіміз келеді.

Арт-терапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. “*Арт-терапия*” – термині (*art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу*) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арт-терапия – ауру адамның психоэмоционалды халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер етуді білдіреді. Арт-терапия даму үстіндегі психотерапия әдістерінің жаңа түрі болып табылады. Аталған терапияның түрі қазіргі таңда үлкен жетістіктерге ие. Алғашқы арт-терапия түсінігі енгізілген кезде оны тек сырқат, ауру немесе демалыс үйіндегі емделушілерге ғана қолданған болса, қазіргі кезде оның қолданыс аясы, шеңбері кеңейде. Яғни бұл терапия адамның шығармашылық жағдайын дамытып қана қоймай, адамның бойындағы ресурстарының мүмкіндігін түсініп ашуға да жағдай жасайды.

Арт-терапияның ерекшеліктері- музыкалық терапия, қозғалмалы би терапиясы, драма терапиясы, ертегі терапиясы, ойын терапиясы, қуыршақ терапиясы, гүл терапиясы, фото терапия, оригами, этнотерапия, киндер-сюрприз, құм терапиясы, артсинтез терапиясы, библиотерапиясы (ертегі терапиясы), маска терапиясы және т.б.

Арт-терапияны қолданғанда ең бастысы жұмыс барысында талантын көрсету емес, спонтанды пайда болған өзінің қобалжуларын, қиындықтарын, бұрынғыдан қалған елестерін сурет арқылы жеткізу [2].

Фрейдтің алғашқы ойлар мен күйзелістер, бейнелер және белгілер формасында беріледі деген сөзіне сүйеніп Наумберг өнерді психотерапияның бір формасы екендігін айтқандардың бірі болды. Арт-терапия терминін ғылымға енгізген Адриан Хилл. Сонымен бірге Маргарет Наубург, З. Фрейд, К. Юнг, Эдит Крамер болып табылады. Осы арт-терапияның дамуындағы жаңа кезең XX ғасырдың 60-шы жылдарының аяғы мен 70-ші жылдардың басынан басталады. Әсіресе осы жылдардың бас кезінде арт-терапиялық топтардың жұмысының мынадай формасы, топтық интерактивті арт-терапияның бастауы қалана бастады. Көптеген ресейлік (Г.А. Фортунатов, П.К. Анохин, П.В. Симонов, Г.Х. Шингаров, Ф.В. Бассин, А.В. Запорожец, А.Н. Леонтьев, Л.И. Божович) және қазақстандық (С.М.Жақыпов, Ә.Алдамұратов, Х.Т.Шерьязданова, А.Кұдиярова)

педагогикалық, психологиялық зерттеулерде эмоцияны реттеудің маңыздылығы туралы айтылған. Шындығында да, эмоция – оқыту тиімділігін анықтайды, баланың кіші жастан – ақ шығармашылық қызметінің қалыптасуына, оның ой-санасының дамуына ықпал етеді. Қазіргі педагог-ғалымдар өз еңбектерінде балалардың көңіл – күйлерінің өзгеруі, кей жағдайда ашу, реніш т.б. күйлерді бастан кешуін қоғамымызда болып жатқан түрлі әлеуметтік – экономикалық жағдайдармен байланыстырады. Эмоция және қабылдау бір-бірімен тығыз байланысты. Эмоция басқа мотивациялық жағдайлар секілді қабылдауға әсер етеді. Нормадағы субъект дүниені дұрыс қабылдаса, ал қайғырып немесе уайымдап жүрген адамдарға басқалардың берген бағасына, белсене мән бермеу тән. Сонымен қатар, эмоция танымдық процестердің басқада бөліктеріне әсерін тигізеді. Осының әсерінен субъектінің мінез – құлқы өзгереді.

Арт-терапия - бұл емдеу ғана емес, сонымен креативтің дамуы, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігі, кез-келген жағдайды шешуге көмек. Арт-терапия бейнелік өнер арқылы жанның дамуы мен емдеудің табиғи және қолайлы әдісі.

Бейнелеу өнеріндегі күшті әсер ету құралы бұл кескіндемедегі бояу түстері. Ішкі сезімді сөзбен ғана емес, қолыңа, бояу, түрлі түсті қарындаш алып сурет салу арқылы білдіруге болады. Егер адам бір нәрсеге ашуланып, қиналса, көңіл-күйі түсіп кетсе, дереу сурет сала бастаса оның бойындағы жағымсыз эмоция кетіп, көңілі бірленеді. Түсті таңдауға байланысты да көптеген нәрсе айтуға болады: қызыл түс ашу ызаны, қара-қайғыны, сұр-мазасыздықты білдіреді. Мамандар жеке түстер ерекше ішкі сезім күйін, мысалы, сары және қызғылт сары сергектік пен көтеріңкі көңіл күй сыйласа, қоңыр түстер соған сәйкес көңіл-күй береді, жасыл түс адамды тыныштандырып, көңіл көтереді, жүйкесі қозғанда тыныштандырады, ұйқысыздықты болдырмайды. Сонымен адам сурет сала отырып, өзінің ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіруге мүмкіндік алады, өзіне жағымсыз жайттарды жеңіл қабылдайды.

Ертегі терапиясын тәжірибеде қолдану - адамзат дамуындағы тәжірибелік психологияның әдістерінің бірі. Көптеген зерттеу жұмыстары көрсеткендей - ертегідегі теңестірулер, яғни, метафора, адамның бейсаналы күйіне тікелей әсерін тигізеді. Ескеретін жағдай, метафора әсері терең әрі тұрақты деңгейде жүреді. Метафоралық ғажайып әсерлер жеке тұлғаның өзіндік, жекелік ресурстарын белсендіре түседі. Көптеген образдар, метафора тілдері қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас орнатудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, адам санасын оятып, белсендіреді [3].

Ертегі – баланы тәрбиелеуге арналса, ертегі терапиясы сол тәрбие арқылы баланы жөнге салу, оның көзқарасын бағдарлау және ішкі әлемінен хабардар болу тәсілдері. Ер Төстік ертегісінде балақайларымыз достықтың үлкен үлгісін көреді. Оған көмек қолын созған Қолтауысар мен Желаяқ секілді алыптардың еңбегі тек достықты ғана насихаттамайды, ерекше болмыстары арқылы баланың тапқырлық деңгейін де жоғарылатады. Ер Төстік бала жер бетінде көптеген патшалықтарды көрсе, жерастында да көптеген патшалықтардың қонағы болды. Бұл бала психологиясына Отан ұғымын сіңіреді, белгілі бір мемлекеттің заңнамаларына бағыну мәселесін ұғындырады. Ертегі терапиясын сол себепті де адамның рухани жан дүниесіне үйлесімділікте тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сондықтан да психологиялық қызмет барысында ертегі терапиясын қолданғанда адамның жасы мүлдем шектелмейді.

Ертегі терапиясының жетекші идеяларын бөліп көрсетуге болады:

- өміріндегі мүмкіндіктері мен өмірінің құндылығын, өзіндік әлеуетін сезіну;
- оқиға мен амалдардың себеп-салдарын түсіну;
- қоршаған ортаны түйсінудің әртүрлі стильдерін танып-білу;
- қоршаған ортамен өзара жасанды әрекет ету;
- үндестік пен күшті сезіну.

Ертегі терапиясының когнитивті және шығармашылық аспектілері ерекше маңызды.

Ертегіге талдау жасау (когнитивті талдау) рухани құндылықтарға жанасуды, күнделікті

жағдайларға қатысты көзқарасты өзгертеді, байытады. Қиялдың шығармашылық энергиясын – шығарма, сурет салу, қуыршақтар дайындау, ертегіні драматизациялау (шығармашылық аспектілер) арқылы шығаруға мүмкіндік береді. Барлық осы күштер өз өмірін конструктивті өзгертуге көмегін тигізеді.

Ертегі терапиясымен әсер ету ертегінің бес түрінің көмегімен жүзеге асады: көркемдік, дидактикалық, психокоррекциялық, психотерапиялық және медитативті [4]. Әртүрлі образдағы ертегілер қатысушыларға әртүрлі бағытта ұсынылады: ертегіні талдау, ертегіні айтып беру, шығарма, қуыршақ дайындау, драматизация, сурет салу, ойындар, медитация және т.б. Ертегі терапиямен жұмыс жасау тек дәрігерге тән емес, бұл ата-ана үшін де міндетті нәрсе. Айталық, «Мақта қыз» ертегісін арнайы қойылым етіп тамашалайтын қара көздеріміз аз болса, психологтар орыс отбасыларында баланың көңілін көтеру мақсатында көптеген ертегілерді арнайы қойылым ретінде үнемі қайталап тұратынын айтады. Ертегі – отбасы үшін тек тыңдауға ғана емес, қойылым ретінде де сахналауға да ыңғайлы.

Әкелерге – Ерназар, шешелерге – мыстан кемпір, ұлдары – алтын сақасын іздеген бала болып ертегі сомдаған шаңырақ қандай бақытты. Бұл отбасындағы өсіп келе жатқан бүлдіршіндер үшін ертегі терапиясы ғана емес, ересектер үшін де таптырмас татулықтың көрінісі болып табылады.

